

ӘОЖ 373.167.1:51  
М 29

Авторлары:

**Б.Ж. Дүйсенова, С.А. Жолдасбекова, Ж.С. Құлбекова, Ф.А. Құрабаева**

Ғылыми кеңесші: педагогика ғылымдарының докторы  
**С.А. Жолдасбекова**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілген*

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның авторлық ұжымы қолдануға берген материалдары үшін *Бернад Луц, Даниель Жан-Балтист, Анна Думитриу, Закари Коппер, Джули Бендер, Скотт Марр, Роб Кесселер, Эрнст Геккель, Александр Флеминг, Амандос Ақаманов, Камилла Жапалова, Гүлнәр Өмірбек, Зура Асылғазина, Ғалым Маданов, Кәріпбек Күйіков, Сәуле Сүлейменова және т.б.* ғалымдар мен суретшілерге алғысын білдіреді.

**Көркем еңбек** (қыздарға арналған): жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Б.Ж. Дүйсенова, С.А. Жолдасбекова, Ж.С. Құлбекова, Ф.А. Құрабаева. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 88 б., сур. ISBN 978-601-7916-39-8

ӘОЖ 373.167.1:51

ISBN 978-601-7916-39-8

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017  
© Estate of Roy Lichtenstein, 2017

## Алғы сөз

### Қымбатты жас дос!

Сенің алдыңда «Көркем еңбек» оқулығы жатыр. Ол сені визуалды әлеммен, сәндік-қолданбалы өнермен, дизайн және технология ерекшеліктерімен таныстырады, сондай-ақ үй мәдениеті мен тамақтану мәдениетінің қыр-сырын ашады.

#### Сен әр тарауды оқу барысында:

- визуалды және сәндік-қолданбалы өнер, тарих, мәдениет пен халықтық дәстүрлер туралы көптеген мәліметтермен танысасың;
- заманауи өнер бағыттары мен стильдері әлемі туралы білесің;
- Қазақстанның қазіргі суретшілерінің шығармашылығымен танысасың;
- әртүрлі дереккөздермен жұмыс істеуге дағдыланасың.

#### Сабақта алған білімдерің саған:

- бұйымның дизайнын жасауға және өзіңнің шығармашылық идеяларыңды көрсетуге;
- батикпен жұмыс істеуге;
- тігін бұйымдары мен аксессуарлар дайындауға;
- түрлі тағамдар әзірлеуге;
- құрал-жабдықтар мен материалдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға көмектеседі.

Сабақта меңгерген білімдерің мен дағдыларың күнделікті заттарға басқаша қарауға ықпал етіп, көптеген қызықты шығармашылық идеяларға жетелейді.

*Жұмысыңа сәттілік пен шығармашылық идеялар тілейміз!*





*Визуалды өнер*



*Сәндік-қолданбалы өнер*



*Дизайн және технология*



*Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті*

# Визуалды өнер

# 1

## Қымбатты жас дос!

Бұл тарау саған заманауи визуалды өнердің бағыттары мен түрлерін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта мына тақырыптар бойынша идеялар ұсынып, әртүрлі мәселелерді қарастыратын боласың:

- микросуреттер мен микрофотосуреттер;
- заманауи өнердің бағыттары – абстракционизм, поп-арт, инсталляция;
- Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері;
- көркемдік әдіс-тәсілдер мен технологиялар;
- көрмені дайындау және ұйымдастыру.

Осы тарауды оқу барысында бұйымның нобайларын дайындайсың, сонымен қатар жұмыстарыңды поп-арт стилінде орындап, өзің ойлап тапқан оқиғаны комикс арқылы жеткізе аласың.

Заманауи визуалды өнермен танысып, жасалған жұмыстарды безендіруді, көрме өткізуді үйренесің.




## Суретші қолындағы микроскоп

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- ғылым мен өнердің өзара байланысын көресің;
- визуалды өнердің заманауи техникаларымен танысасың;
- қоршаған ортаның визуалды элементтерін пайдалану тәсілдерін үйренесің.

### Тірек сөздер:

микросуреттер,  
бактериография.



### Суреттерге мұқият қара.

Төмендегі суреттерде не бейнеленген деп ойлайсың?  
Бұл бейнелер қалай жасалған? Олар неге ұқсайды?



Бұл таңғажайып бейнелер микроскоптың көмегімен алынған. Мұндай бейнелерді **микросуреттер** деп атайды. Микроскопты пайдалану арқылы көзге көрінбейтін ұсақ элементтерді көруге болады.

Неміс ғалымы Эрнст Геккель – микроскоппен үлкейтілген тірі ағзаларды бейнелеген алғашқы суретші. Оның «Табиғаттағы пішіндердің көркемдігі» атты еңбегі ХХ ғасырдың басындағы бейнелеу өнері мен сәулет өнерін дамытуға үлкен үлес қосты.

## Зертте.

Мынау – Эрнст Геккель суретінің репродукциясы. Картинада суда тіршілік ететін микровазалар – асцидиалар бейнеленген. Бейнелерге мұқият қара. Өрнектерден қандай пішіндерді, сызықтар мен түстерді көріп отырсың? Оларды неге ұқсатасың? Өрнектердің нобайын зерттеу альбомына сал.



## Сен білесің бе?

Ағылшын микробиологы Александр Флеминг бактерияларды сипаттай келе, оларды рингтегі спортшылар түрінде бейнелеген. Ал сен неге ұқсатар едің?



Закари Копфер жұмысы

Ғылым мен өнердің тоғысатын ортақ тұстары бар. Өнердегі жаңа бағыт – **бактериография** соның айқын дәлелі. Бактериографияның басты ерекшелігі: сурет салуда тірі бактериялар қолданылады. Кескіндеменің мұндай ерекше түрін микробиолог Закари Копфер ойлап тапты.

## Орындап көр.

Өзің жасаған ою нобайларын пайдалана отырып, «Микросуреттер» атты композиция құрастыр.

## Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Ғылымның заманауи жетістіктері суретшінің шығармашылығына қалай әсер етеді?
2. Бұл суретшілердің шығармашылығы қандай әсерге бөлейді? Неге?
3. Шығармашылық жұмыстарда микросуреттерді қалай қолдануға болады?

## Фотосуретші қолындағы микроскоп

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- бейнелеу өнерінің дамуына ғылымның жетістіктері қалай әсер ететіндігі туралы білесің;
- микрофотосуреттерді қалай және қайда қолдануға болатыны туралы өз идеяңды ойлап ұсынасың.

### Тірек сөз:


микрофотосурет.



Үй ішіндегі шанышты микроскоппен ұқсартылған микрофотосуреті

### Фотосуреттерге қара.

Бұл бейнелерді неге ұқсатуға болады?



Мынау – микроскопқа арналған фототехникамен түсірілген фотосуреттер. Мұндай бейнелерді **микрофотосуреттер** деп атайды. Бұл туындылардың авторы британдық ғалым, фотосуретші Роб Кесселер ғылым мен өнерді өте ұтымды үйлестіреді. Фотосуретші электронды микроскоп пен компьютердің көмегімен дәндердің, тұқымдардың және жапырақтың үлгілерін, гүл аталығын көркем туындыларға айналдырған.

### Сен қалай ойлайсың?

Ғалым Роб Кесселер неліктен микрофотосуретпен айналысты? Неге ол өсімдіктер әлемін фотосуретке түсіре бастады? Фотосуретшінің жұмыстарынан қандай идеяларды байқауға болады? Осындай фотосуреттерді қайда пайдалануға болады деп ойлайсың? Осы бағытта сен не ұсынар едің?

### Зертте.

Ұсақ заттарды микроскоппен зерттеп көр. Мысалы, гүл күлтесін, көбелектің немесе инеліктің қанатын алуға болады. Бейнелердің суретін зерттеу альбомыңа сал. Алынған микробөлшектердің бейнесін пайдаланып, қандай композиция құрастыруға болатындығы туралы ойлан.

Микроскоптағы бейнелерге мұқият қарап, мына сұрақтарға жауап бер:

1. Бейнелердің конструкциясы мен композициялық құрылымын немен салыстыруға болады?
2. Қайталау мен симметрияда қандай заңдылықтарды байқадың?
3. Бұл бейнелерді қалай қолдануға болады?

## Сен білесің бе?

Британдық суретшісі Анна Думитриу антибиотиктерге төзімді, өте қауіпті микробтармен, сондай-ақ антибиотиктермен әсемделген матадан бұйымдар жасайды. Бұйымдар көрерменнің алдына ұсынылмас бұрын алдымен толық зарарсыздандырылады.

Анна Думитриу осы жұмыстар арқылы қоғам назарын бактериялардың антибиотиктерге төзімділігі артып бара жатқанына аударуды көздейді.



## Суреттерге мұқият қара.

Бактериялардың бейнелері, түстері мен пішіндері суретшіге қандай идеялар беруі мүмкін? Микросуреттерді тағы қалай қолдануға болады?



## Орындап көр.

Дизайнда микросуреттерді қалай қолдануға болады? Өз жаныңнан шығармашылық идея ұсынып көр. Зерттеу альбомыңа идеяңды жаз немесе суретін сал.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Осы тақырыпты оқығанда қандай жаңа мәліметтермен таныстың?
2. Микросуреттерді тағы қандай идеяларға қатысты қолдануға болады?

### Қауіпсіздік ережелері

Микроскоппен және микроэлементтермен жұмыс істеу барысында абай бол.

## Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- әртүрлі бағыттағы көркем туындыларды өз бетіңше зерттей отырып, олардың ерекшеліктерімен танысасың және ажыратуды үйренесің;
- алған біліміңді өз жұмысында жүзеге асырып көресің.

### Тірек сөздер:

абстракционизм,  
инсталляция,  
поп-арт.

Бейнелеу өнері – өз заманының айнасы. Ол тек қана қоғамның көзқарасын білдірмейді, сонымен қатар бұқаралық мәдениетке де қатты әсер етеді. Сондықтан да суретшінің өмірге деген көзқарасының маңызы өте зор. Қоғамның, әсіресе, ғылымның дамуы бейнелеу өнерінде өз заманына сай жаңа бағыттардың пайда болуына ықпал етеді.

### Назар аудар.

Төмендегі кестеге қара. Онда бейнелеу өнерінің кейбір жаңа бағыттарының сипаттамасы берілген. Олардың өзара қандай айырмашылықтары бар? Анықта.

Абстракционизм	Поп-арт	Инсталляция
XX ғасыр өнерінің негізгі бағыттарының бірі	1950-1960 жж. өнердегі бағыт	заманауи өнер түрі
<b>Ерекшелігі:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• түрлі түсті дақтар, сызықтар, дерексіз конфигурациялар секілді тек қана шартты элементтерді пайдалану;</li> <li>• өмірдің шынайы сипаты мен қалпынан бас тарту.</li> </ul>	<b>Ерекшелігі:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• жарнама өнімдері мен бұқаралық мәдениет нысандарын пайдалану және қайта өңдеу;</li> <li>• затты белгілі бір контексте алғашқы мәнінен ажыратып, өнер туындысына айналдыру.</li> </ul>	<b>Ерекшелігі:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• әртүрлі материалдан ерекше бейнеде жасалып, кеңістікте қойылатын, визуалды өнер түріне жататын композиция;</li> <li>• сурет сияқты сыртынан ғана тамашаламай, ішкі жағынан да қарауға болатын өнер туындысы.</li> </ul>
<b>Өкілдері</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Василий Кандинский,</li> <li>• Казимир Малевич,</li> <li>• Пит Модриан.</li> </ul>	<b>Өкілдері</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Энди Уорхол,</li> <li>• Рой Лихтенштейн,</li> <li>• Клас Ольденбург,</li> <li>• Ричард Гамильтон.</li> </ul>	<b>Өкілдері</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Джозеф Кошут,</li> <li>• Илья Кабаков,</li> <li>• Паул Виллинский,</li> <li>• Чэнь Чжэнь.</li> </ul>

### Зертте.

Мына суреттерді қандай көркем бағытқа жатқызуға болады? Оны қалай анықтадың? Оларда қандай тақырып немесе идея көрсетілген деп ойлайсың?



### Айтып бер.

Сен қандай бағытта сурет салар едің? Онда қандай идея немесе тақырыпты ашар едің? Өз идеяңды жүзеге асыруға қандай көркемдеуіш құралдарды, тәсілдер мен техникаларды қолданар едің? Сенің картинаңды қайда қолдануға болады?

### Орындап көр.

Зерттеу альбомыңа өз шығармашылық идеяларыңның суретін салып көр.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Сенің ойыңша, абстракционизм, инсталляция, поп-арттың пайда болуына не әсер етті?
2. Интерьер дизайнында осы бағыттарды қалай пайдалануға болады?



## Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- Қазақстанның қазіргі суретшілерінің жұмыстарын зерттеп, олардың ерекшеліктерімен таныссын;
- өз идеяларыңды қалай көрсетуге болатынын түсінесің.

Қазақстан Республикасы қысқа тарихи мерзімде өмірдің әр саласында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Бұл жетістіктер бейнелеу өнерінде де көрініс тапты. Түрлі бағытта жұмыс істейтін суретшілер көбейді. Олар өз туындыларында сақ және түркі әлемі тұтастығын негізге ала отырып, дәстүрлі мәдениет құндылықтарына жүгінді.

Ежелгі ата-бабаларымыз табиғат пен адамның, руханият пен материалды әлемнің өзара байланысын, олардың үйлесімділігі мен бір-біріне әсерін терең түсінген.

### Суреттерге мұқият қара.

Өткен сабақта қарастырған суреттер мен бұл туындылардың арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар? Сен қай картинаға ерекше назар аудардың? Неге? Бұл суреттер қай бағытта салынған? Айтып бер.



А. Ашнаев. «Соухлар»



С. Сүлтімов. «Кұл мен кере»



Ғ. Маданов. «Күн, үн, үн...»



Ж. Досымғатина. «Жазғы күн»

Қазіргі кезде еліміздің суретшілері Қазақстан өнерінің алуан түрін көрсететін, әлемде мемлекетіміздің брендті бола алатын және уақыт тынысын танытуға мүмкіндік беретін ерекше қазақстандық стильді немесе бағытты іздестіруде. Қазақстандық суретшілердің жұмыстары этностильдік ерекшеліктерімен көзге түседі.

### Өмірге құштар адам

Кәріпбек Күйіков – белгілі қазақстандық суретші. Ол қылқаламды аузымен және аяғының саусақтарымен ұстап сурет салады. К. Күйіков – Семей полигонындағы ядролық сынақтың құрбаны. 2016 жылы Вашингтонда ядролық қауіпсіздік істері бойынша өткен саммит кезінде мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ-тың сол кездегі президенті Барак Обамаға К. Күйіковтің «Жарылыс» атты суретін сыйға тартты.



Суретші Кәріпбек Күйіков

### Назар аудар.

Сенің ойыңша, «Қошқар мүйіз» композициясында автор қандай идеяны жеткізген? Таңбалар мен белгілерді не үшін қолданды? Композицияға қазақ оюы қандай мақсатпен енгізілген? Автор неге осы түстерді пайдаланды? Суретші сурет салудың қандай әдісін қолданды? Бұл суретте өнердің қай бағытының ерекшелігі байқалады?



Суретші Қуаныш Базарасиметтінің «Қошқар мүйіз» композициясы



К. Күйіковтің «Жарылыс» композициясы

### Орындап көр.

К. Күйіковтің «Жарылыс» картинасы туралы эссе жаз. Автор өзінің жұмысында нені көрсеткіші келді? Бұл сурет саған қандай әсер қалдырды? Президент неге бұл суретті сыйлық ретінде таңдады?

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Қазақстан бейнелеу өнерінің қандай заманауи бағыттарымен таныстың?

## Поп-арт стиліндегі Қазақстан образы

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- поп-артта Қазақстан тақырыбы қалай көрініс табатынын білесің;
- шығармашылық жұмысыңның нобайын поп-арт стилінде жасайсың.

### Тірек сөз:

бейне.




Қазіргі таңда елімізге бүкіл әлем назар аударып отыр. Кейінгі жылдары біздің еліміз туралы алуан түрлі көркем шығармалар пайда болды. Белгілі неміс суретшісі, дизайнер және фотосуретші Бернд Луц өмірінің екі жылын біздің елдің тарихымен және мәдениетімен танысуға арнады. Осы уақыт аралығында Қазақстан жайлы бірнеше туындыны дүниеге әкелді.



### Назар аудар.

Сенің ойыңша, бұл суреттер қай бағытта салынған? Картинадағы визуалды элементтердің қайсысының Қазақстанға қатысы бар деп ойлайсың? Оларда қай түс көбірек қолданылған? Суретші неге киіз үйді, шаңырақты т.б. таңдаған? Олар қандай идеяны білдіреді?

Бернд Луц баспаханалық принтке акрил бояуын жағу арқылы жастық жалынды, күш-қуатты және өмірге құштарлықты бейнелейтін үш өлшемді картиналар салды.



### Ойлан.

Қазақстан бейнесі қандай көріністермен астасады? Қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрі неде көрініс табады? Оларды қандай заттық деректерден байқауға болады? Болашақтың қаласы болып саналатын Астана біздің өмірімізде қандай орын алады?

### Орындап көр.

Еліміздің өзіндік ерекшеліктерін сипаттайтын туындының бірнеше эскизін жаса. Жұмысты поп-арт стилінде орында. Негізгі идеяны анықта. Жұмысында ұлттық нақыштар (ұлттық музыкалық аспаптар, ұлттық киім, ою-өрнек және т.б.) мен сәулет өнерінің бейнелерін қолдануыңа болады.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Шығармашылық жұмыс кезінде қандай идеялар туындады?
2. Қазақстан келбетін бейнелеуде көз алдыңа қандай көріністер келеді?

## Шығармашылығымды бастаймын

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- поп-арт стилінде сурет салудың кейбір тәсілдерімен танысасың;
- өз тәсілді қолданып, поп-арт стилінде жұмыс істейсің.

### Тірек сөздер:

композиция,  
нобай.

Поп-арт стилі ашық, кейде қанық түстермен ерекшеленеді. Мұндай туындыларда қарама-қарсы түстер мен жиек сызығы басым болады, коллаж элементтері де қолданылады. **Композиция** бірнеше бөліктерден тұруы мүмкін. Поп-арт – нысандарды көбейту тәсілі қолданылатын алғашқы стильдердің бірі. Суретшілер поп-арт стилінде жұмыс істеу кезінде жазбалар мен танымал брендтердің логотиптерін қолданып отырады.

### Анықта.

Ең қарапайым тәсілдер арқылы поп-арт стилінде қалай сурет салуға болатынын анықта.

#### 1. Мәтін жазбаларын бейнелеу және безендіру



#### 2. Ақ-қара түсті поп-арт



### 3. Түрлі түсті поп-арт



### 4. Сызықтар ойыны

Өзіңді Энди Уорхол орнына елестетіп, 3D көрініспен шайнек суретін сал. Көк түсті маркер ал. Ортадан сәл оңға және жоғары жылжытып, шайнектің жиегін қайталап сыз, содан кейін төменгі сол жағын қызыл немесе қызыл-түспен қайталап сызып шық.



### Оқы, қызық!

Поп-артты жасауда аппликацияны, коллажды және әртүрлі әдіс-тәсілдерді араластырып қолдануға болады. Газет, журнал қиындыларын, ескі фотосуреттерді және тағы басқа материалдарды пайдалануға болады.

### Орындап көр.

Өткен сабақта өзің қалаған тақырып бойынша шығармашылық жұмыстың нобайын жасадың, қолдана алатын материалдарды іріктеп, орындау тәсілдерін ойластырдың. Енді сабақта танысқан орындау тәсілдерінің бірін немесе өз тәсіліңді қолданып, жұмысыңды түрлі түсті етіп жаса. Сонымен қатар өз жұмысыңды поп-арт стиліндегі жазулармен толықтыра аласың.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Поп-артпен жұмыс істеу барысында саған не ұнады?
2. Нысанның 3D көрінісін қалай салуға болады?

## Шығармашылығымды бастаймын. Комикстер

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- комикстерді қалай жасауға болатынын үйренесің;
- өзіңнің бастан кешкен оқиғаларыңды комикстермен суреттейсің.

### Тірек сөздер:

комикстер,  
манга,  
аниме.

### Суреттерге мұқият қара.

Сенің ойыңша, бұл суреттер несімен ерекше және қызықты?  
Мұндай суреттерді қалай атайды?



**Комикс** (ағыл. comic – күлкілі) – суретпен баяндалған оқиғалар, картиналармен бейнеленген әңгімелер. Комиксте әдебиет пен бейнелеу өнері ұштасады.

### Анықта.

Комикстердің қандай түрлері болады? Олар несімен ерекшеленеді? Комикстерде не туралы айтуға болады?

**Оқы, қызық!**

Француз тілінде комиксті *bande dessinée* (суретті таспа) немесе *BD* деп атайды, жапондықтар «манга» деп атайды. «Манга» комикстерімен жапон мультфильмі – «аниме» жасалады.

**Комикстерді қалай салуға болады?**

Мәселен, мынадай сценарийді алайық. «Бір адам үйде ұйықтап жатады. Ол тарсылдаған дыбыстан шошып оянады. Далада «мылтық атылған болар», – деп ойлайды. Қорқа-қорқа есікті ашса, қолына бұрғы ұстаған жұмысшы тұр екен».

Осындай оқиғадан тұратын комиксті 4 суретпен бейнелеуге болады.

**1. Комиксті қалай салады? Сурет негіздері**

Сюжеттің қарапайымдылығы мен кейіпкерлердің бейнелері – кез келген комикстің негізгі белгісі болып табылады. Олардың денелері мен беттері мультипликация стиліндегі нобаймен сәл қисайта салынады.

**2. Комиксте диалогты қалай көрсетеді?**

Шар тәріздес бұлтшалар қатты дауысты көрсетеді, ал толқын ойды немесе ақырын дыбысты білдіреді. Комикс кейіпкерлерінің диалогын адам суретінен жоғары немесе суреттің бос жерлеріне орналастырады.

**3. Комикстің бөлшектерін безендіру**

Бөтен шуды бейнелеу үшін әртүрлі белгілерді немесе найзағайды қолдану керек. Комикс кейіпкерлерін қимыл-қозғалыс үстінде қарапайым мәнерде салған дұрыс.

Сөз бұлтшасы бірінші сөйлейтін кейіпкердің жоғарғы жағында тұруы керек. Сөздер суретте көп орын алмас үшін қысқа және нақты берілуі керек.

**Комикстер салуға дайындалу**

Алдымен белгілі бір сюжетті немесе оқиғаны ойлап тап. Сенің комиксің неше кадрдан тұратыны жайында ойлан. Әр кадрда нені саласың? Сөз бұлтшалары бола ма? Онда не жазылады? Содан кейін сурет салатын қағаз бен құралдарды дайындап қой.

**Орындап көр.**

Өзіңнің комиксіңді салып, ол туралы айтып бер.

**Ойлан және сұраққа жауап бер.**

Комикстер салу арқылы нені үйрендің?

## Шығармашылығымды жалғастырамын

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- Рой Лихтенштейннің шығармашылығымен танысасың және оның жұмыстарының ерекшелігін анықтайсың;
- Рой Лихтенштейннің стилінде сурет сала-сың.

### Тірек сөздер:

эмоция,  
кадр.

### Рой Лихтенштейн суреттерінің репродукцияларына қара.

Сен қандай эмоцияларды көріп тұрсың? Оны түсінуге саған не көмектесті? Бұл иллюстрациялар несімен ерекшеленеді? Оларды қандай көркемдік стильге жатқызуға болады?

Рой Лихтенштейн – америкалық суретші, поп-арт өкілі. Суретшінің есімі алғаш рет комикстер мен журнал графикасы бойынша салған еңбектері арқылы танылды. Рой Лихтенштейн белгілі бір суретті таңдап алып, оны қолмен үлкейтіп, трафаретті баспа мен жібекбаспаны қолданып, үлкен форматта қайта салған. Ол өзінің жұмыстарында кейіпкерлердің әртүрлі эмоциялары мен сезімдерін көрсете білді.





## Анықта.


Рой Лихтенштейн өз жұмыстарында қандай әдіс-тәсілді пайдаланған? Түстер мен сызықтарға назар аудар. Трафарет қалай қолданылған деп ойлайсың?



## Сурет салу үшін кадр таңда.

Үлкен форматта комикс салу үшін өткен сабақта өзің салған комикстен бір кадрды таңдап ал. Суретте эмоциялар анық көрсетілуі керек. Таңдап алған суретті қағазға үлкейтіп көшір. Қандай әдіс-тәсілмен салатыныңды ойлан.

Үлкен көлемді күрделі бейнелерді салу оңай емес. Ондай жағдайда торкөзді пайдаланады. Суретті үлкейту үшін қағаздың бетіне тура кіші суреттегідей етіп, үлкен торкөз сызу керек. Бейне осы торкөз бетіне салынады. Көшірілетін суретпен салыстыра отырып, торкөзді қысқа сызықтарға бөледі, сол арқылы сурет нобайын оңай салуға болады.



### Орындап көр.

Комикстегі кадр бойынша жұмысты аяқта. Жұмыста әртүрлі бейнелеу құралдарын, өзіңе ұнаған әдіс-тәсілді қолдануына немесе өз бетінше қандай да бір әдіс-тәсіл ойлап тауып, соны пайдалануына болады.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Мектеп өміріндегі қандай жағдайларды комиксте бейнелер едің?
2. Сенің ойыңша, Рой Лихтенштейннің картиналары адам назарын несімен баурап алады?

## Барлығыңызды көрмеге шақырамын

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- көркем жұмыстарды безендіріп үйренесің;
- көрмені ұйымдастыра аласың.

### Тірек сөздер:

көрме,  
перформанс,  
багет.

### Ойлан.

Өзіңнің шығармашылық жұмыстарыңды көпшілікке қалай ұсынар едің?

Бейнелеу өнерінде шығармашылық жұмыстарды қалың көрерменге ұсынар алдында безендіру қажет болып саналады. Осы орайда безендірудің кең тараған екі тәсілі қолданылады. Олар: багет және паспарту.

**1. Багет** – өзара біріктірілген жұқа тақтайша немесе планкалардан тұратын жиектеме. Оны ағаштан, металдан, пластиктен жасайды. Картина және багет бірін-бірі үйлесімді толықтыруы керек. Багетті интерьерге емес, картинаға қарап таңдау қажет.

**2. Паспарту** – фотосурет, сурет немесе гравиораны салу үшін ортасында төртбұрыш, сопақ немесе дөңгелек ойығы бар жиектемеге туралап қиылған қатырма қағаздың немесе қағаздың қиындысы. Ол суреттің өлшеміне сәйкес жақтау өлшемін еркін таңдауға мүмкіндік береді.



### Анықта.

Көрмені қалай безендіруге болады? Суреттерді көрмеге қою үшін нені қолдануға болады?






### Сен білесің бе?

Өз жұмыстарыңды көпшілікке ұсынудың бірнеше тәсілі бар, солардың бірі **перформанс** деп аталады. Перформанс сөзі ағылшын тілінен аударғанда «орындау, көрсету, баяндау» дегенді білдіреді. Перформанс аулада, қоғамдық орындарда өткізілуі мүмкін. Бұл белгілі бір іс-әрекет арқылы суретшінің айтқысы келген ойы мен сезімдерін жеткізуге мүмкіндік береді.



### Өз жұмысыңды көрмеге қоюға дайында.

Осы тарауды меңгеру барысында өзін жасаған шығармашылық жұмыстарының ішінен біреуін таңдап ал және оны көрмеге қою үшін безендір. Ол үшін төменде берілген үлгілерді пайдалан немесе өз ойыңды ұсып.



### Орындап көр.

Шығармашылық жұмыстардың көрмесін ұйымдастыр. Көрмені үйде немесе сыныпта өткізуге болады. Сыныптастарыңмен немесе отбасы мүшелерімен мына мәселелерді талқыла. Өз көрмеңді қалай атайсың, жұмыстарды қалай ұсынасың? Көрмеге кімдерді шақырасың?

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Осы тараудың тақырыптарын меңгеру барысында өзіңнің қандай қабілеттеріңді байқадың?
2. Саған бейнелеу өнеріндегі қай жұмыспен айналысу ерекше ұнайды?

## Визуалды өнер. Қорытынды

Сен бұл тарауда заманауи визуалды өнердің сан қырлы болатынын білдің. Өнердің дамуына ғылымның қаншалықты әсер ететіндігіне көз жеткіздің, өйткені оның дамуымен бірге небір жаңа көркем дүниелер пайда болып жатыр.

Сен тарау тақырыптарын меңгере отырып, қазіргі бейнелеу өнерінің әртүрлі бағыттарымен және түрлерімен таныстың, поп-арт стилінде жұмыс істеп, комикстер жасап үйрендің.

Енді сен өз бетіңше шығармашылық идеяңды дамытып, поп-арт стиліндегі шығармашылық жұмыстың нобайларын жасай білесің. Көрме ұйымдастырып, жұмыстарыңды көпшілікке ұсынуыңа болады.

Мына сұрақтарға жауап беріп, өз біліміңді бағалап көр:

- Сен осы тарауда қандай жаңа дүниелермен таныстың?
- Қандай көркем әдіс-тәсілдерді үйрендің?
- Жинаған тәжірибеңді қайда қолдана аласың?



# Сәндік-қолданбалы өнер 2

## Қымбатты жас дос!

Сен бұл тарауда сәндік-қолданбалы өнер әлемімен тереңірек танысасың.

Сондай-ақ бұл тарауда зерттеу дағдыларының көмегімен кейбір қызықты және сирек қолданылатын технологияларды меңгеріп, төмендегілер жөнінде білетін боласың:

- көркем өрнек салу түрлері;
- матаға өрнек салуда қолданылатын әдістер;
- көркем өрнек салудың мүмкіндіктері.

Сен тарау материалдарын меңгеру барысында матаның бетіне көркем өрнек салуды үйренесің. Игерген білімің мен дағдыларыңды қолдана отырып, жұмысыңда өз идеяларың мен сезімдеріңді көрсете аласың.

Көркем өрнек салудың әдіс-тәсілдерін меңгергеннен кейін шығармашылық жұмыстармен айналысып, дайын бұйымдарды сәндей аласың.



## Көркем өрнек салу өнері

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- сәндік-қолданбалы өнердің бір түрі – көркем өрнек салу өнерімен танысасың;
- өрнек салудың ерекшеліктерін анықтайсың.

### Суреттерге қара және сұрақтарға жауап бер.



Суреттерде қандай бұйымдар бейнеленген?  
 Сенің ойыңша, оларды қайда қолданады?  
 Олардың айырмашылығы мен ұқсастығы неде?  
 Бұл бұйымдарды өнердің қай түріне жатқызуға болады?


### Тірек сөздер:

сәндік-қолданбалы өнер, көркем өрнек, жостов өрнегі, гжель, мезен өрнегі, хохлома өрнегі, федоскино өрнегі.

Бейнелеу өнерінің ең үлкен саласының бірі – сәндік-қолданбалы өнер. Өнердің бұл түрі күнделікті тұрмыстық заттар мен интерьерді безендіруде қолданылады. Сен сәндік-қолданбалы өнердің кейбір түрлерімен, атап айтқанда, кестелеу, өру, тоқу өнерімен бұрыннан таныссың. Енді көркем өрнек салу өнерімен және оның ерекшеліктерімен танысасың.

### Анықта.

Бұл бұйымдар қандай материалдардан жасалған? Олар қалай безендірілген? Оларды қай ұлттың мәдениетіне жатқызасың? Неге?



**Көркем өрнек салу** – бояумен белгілі бір заттың бетін әсемдеу, көркемдеуіш құралдардың көмегімен бұйымның бетін безендіру өнері. Көркем өрнек салу құралдары мен орындау тәсілдері әшекейленетін бұйымның материалына байланысты әртүрлі болады.



Қазақ ұлттық өнерінде кесене қабырғаларындағы және жартастағы жазулар үлкен орын алады. Ата-бабаларымыз осындай жазу өнері арқылы өзінің ерекше мәдениетін келер ұрпаққа жеткізген. Оған Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қабырғасындағы өрнектер мен еліміздің әр түкпірінде кездесетін жартас бетіндегі қызыл бояулы таңбалы жазулар жарқын мысал болады. Қазақ халқының көне тарихына куә болып келе жатқан тағы қандай көркем өрнектерді білесің?

### Сен білесің бе?

Гжель өрнегінде қара түсті табиғи бояулар пайдаланылды, ол тек күйдіргеннен кейін ғана көк түске айналады. Шеберлер жартылай реңк пен көлеңкені көрсететін көгілдір түстен қоңыр көк түске дейінгі аралықтағы жиірме шақты реңкті шығарған.

### Зертте.

Қазақстан, Қытай, Индонезия, Грекия, Ресей мәдениетіндегі өрнектер туралы оқып, біл. Әртүрлі мәдениеттерде кездесетін көркем өрнектерде қандай айырмашылықтар бар? Олардың өзара айырмашылығына не әсер етеді? Бұйымдардың пішіндері мен түстеріне, көркем өрнектері мен ою-өрнектеріне назар аудар.

### Орындап көр.

Өзің танысқан мәдениеттерге тән көркем өрнек элементтерін зерттеу альбомыңа сал.

### Анықта.

Көркем өрнек салудың қандай түрлері бар? Олардың ерекшеліктерін анықта. Олар неліктен осылай аталған деп ойлайсың?



Гжель



Қазақ өрнегі



Минусинск өрнегі



Жапон өрнегі



Федорино өрнегі

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Сен көркем өрнектерді қайда қолданар едің? Неге? Түсіндір.

## Батик және оны жасау тәсілдері

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- батиктің не екенін білесің;
- оны жасаудың ерекшелігін анықтайсың;
- суық батик деп аталатын бояу тәсілін үйренесің.

### Тірек сөздер:

батик, ыстық батик, суық батик, түйінді батик, чантинг, шибори, резерв.

Матаға қолмен сурет салуды **батик** деп атайды. Жібек, мақта және синтетикалық маталардың бетіне бояу жағылады. Суреттің нақты жиегін анықтау үшін арнайы бекіткіш – **резерв** қолданылады. Резерв батиктің түріне қарай таңдалады.

### Сызбамен таныс.

Батиктің қандай түрлері бар? Олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Батиктің әр түрінде сурет қандай болып шығады?


**Суық батик** – боялатын бөліктерді бір-бірінен бөлу үшін суреттің жиектеріне резервпен арнайы қоспа (түссіз немесе түсті) жағылатын сурет салу тәсілі.



**Ыстық батик** – мата бетіне еріген балауызбен және бояумен сурет салу тәсілі.



**Түйінді батик** – бүктелген немесе түрлі тәсілдермен түйіндеп байланған мата болуға салынатын немесе сол мата бетіне бояу жағылатын сурет салу тәсілі.



### Сен білесің бе?

Батиктің Отаны – Индонезия. Индонезия халықтары тілінен аударғанда «*ва*» сөзі мақта матасы, ал «*тик*» – нүкте немесе тамшы дегенді білдіреді.



Түйінді батик техникасын Жапониядан шыққан **шибори** техникасымен салыстыра қарауға болады. Шибори техникасында мата ерекше тәсілмен бүктеліп, бекітіледі. Ол оригами техникасына ұқсайды. Түйіндеп бояу батигінде матаны байлаудың әртүрлі тәсілдері қолданылады. Матаны белгілі бір ретпен байлай отырып, түйіндердің ішіне тиын, тас немесе түйме салып, белгілі бір сурет салуға болады.



### Назар аудар.

Суреттерге қарай отырып, суық батик техникасында шығармашылық жұмысты орындау ретімен таныс. Альбомыңа батик бояуларымен жұмыс жасау реті мен оған қажетті құралдарды жазып қой.



### Орындап көр.

Қолыңа резервті алып, жұмыс істеп көр. Оны қалай дұрыс ұстау керектігіне көз жеткіз. Мата бетіне оны қалай жүргізу керектігін үйрен.



### Шығармашылық жұмысты орында.

Суық батик техникасымен тәжірибе жаса. Резервпен мата бетіне сурет сал. Өзгеше қырларын ойластыр. Резервпен жұмыс істеу ерекшелігіне назар аудар. Жұмысты безендір.



### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Батик несімен көз тартады? Ол қазіргі кезде неге кең қолданылады?
2. Өз бетінше қандай бұйымды батик техникасында жасар едің? Неге?

### Қауіпсіздік ережелері

Зиянды бояғыш заттармен жұмыс істеу ережелерін сақта. Резервпен және үтікпен жұмыс істегенде абай бол.



## Шығармашылық жұмыстың басы. Батикке арналған нобай салу

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- батик техникасында жұмыс істейтін суретшілердің шығармашылығымен танысасың;
- батикті қайда қолданатынын білетін боласың;
- шығармашылық жұмыстың жоспарын құрасың;
- батикке арналған суреттің нобайын саласың.

### Тірек сөз:

еркін сурет салу техникасы.



30

Көркем аңбақ

### Батик техникасымен жасалған шығармаларды салыстыр.

Төменде қазақстандық суретші Гүлнәр Өмірбектің картинасы (сол жағында) мен Кариб аралдарының суретшісі Габриель Даниель Жан-Баттистің картинасы (оң жағында) берілген. Суреттерді салыстыр және сұрақтарға жауап бер:

1. Картиналарда қандай тақырып пен идея көрсетілген?
2. Суретшілерге тақырып пен идеяны ашуда не көмектесті?
3. Олар неге осы түстерді қолданды?
4. Бұл картиналар сені қандай сезімге бөледі?



### Оқы, қызық!

Еркін сурет салу техникасы – қызықты кескіндемелік жұмыс жасау тәсілі. Сурет салудың бұл түрі дәстүрлі ыстық және суық батикке қарағанда кескіндемеге көбірек ұқсайды. Беті бұдыр матада композиция құрастырылады. Мұндай матаға жағылған бояу жайылып кетпей, бастапқы қалпын сақтап қалады. Еркін сурет салу техникасында бояуды жағу формасы ерекше мәнге ие. Мата бетін бұдырлау үшін тұзды, крахмалды, ПВА желімін және желатинді пайдалануға болады.

### Сен білесің бе?

Қазіргі кезде батик көптеген салаларда кеңінен қолданылады. Тоқыма матаның пластикасы мен фактурасы, қайталанбас орнаменттер мен суреттердің комбинациясы, матаға бояуды жағудың әртүрлі тәсілдерінің үйлесімі батикті киімнен бастап интерьерді безендіруге дейінгі аралықта қолдануға мүмкіндік береді.

Батик киім элементтерінде көп қолданылады. Қолдан боялған матадан тігілген орамалдарға, шәлілерге, жау-

лықтарға, галстуктерге, қойлекке арналған орнекті жиектемелер кеңінен таралған. Олар қалыптасқан белгілі бір сәнге қарамастан өте бағалы болып саналады, өйткені олардың әрқайсысы қайталанбайтын жеке шығармашылық туынды болып табылады.



### Суреттерге мұқият қара.

Сенің ойынша, бұл картиналарда қандай идея көрсетілген? Картиналар қай жанрда салынған? Суретшілер көтерген идеяларын жеткізу үшін қандай көркемдік тәсілдерді пайдаланған? Сен оларды қалай атар едің?



Суретші Кәмילה Жапалованың жұмыстары

### Ойлан және тапсырманы орында.

Сен келесі сабақтарда қолмен сурет сала отырып, шығармашылық жұмыстармен айналысатын боласың.

Ол үшін сурет нобайын салып, жұмыс жоспарын құрастыру керек. Осы ретте саған мына сұрақтар көмектесе алады:

- а) Батикті қандай тәсілмен саласың?
- ә) Сенің идеяңды қандай түстер жеткізе алады?
- б) Сурет салуда қандай құралдар керек?

### Орындап көр.

Жұмыс жоспарын құр. Қажетті материалдарды анықтап, не істейтініңді көрсет. Қағазға қарындашпен суреттің нобайын сал. Нобайды акварель немесе гуашь бояулармен боя. Нобайда композициялық тепе-теңдікті сақта. Композиция орталығын ескер. Нобайды бояуда түстердің үйлесімділігін сақта.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Сен өз туындыңда қандай идеяны бейнелейсің?
2. Бұл идея саған несімен ұнады?

2-тарау. Саяхат қолданбалы өнер

31

## Батик жасауға дайындық

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- батик жасаудың әдіс-тәсілі мен көркем материалдарды таңдауды үйренесін;
- матаға сурет салуға қажетті материалдар мен құралдарды дайындайсын.

### Тірек сөздер:

кергіш,  
резервтік құрам.



Матаға сурет салу үшін қажетті материалдар мен құралдарды дайындап алу керек. Алдымен матаны таңдап, қажетті көлемдегі жиектемені дайындайды. Содан кейін мата бетіне суретті көшіреді және қолданатын резервті анықтап алады.

### Назар аудар.

Матаға сурет салуға арналған материалдарды қалай әзірлейді? Шығармашылық жұмыс жасауға қалай дайындалады?

**1. Калькаға сурет салу.** Миллиметрлік қағаздың бетіне қарындашпен немесе маркермен дайын нобайға сәйкес суреттің сұлбасын салады. Кальканың өлшемі бұйымның өлшеміне сәйкес болуы тиіс.

**2. Матаны таңдау және дайындау.** Жұмысқа крепдешин, жібек тәріздес табиғи мата таңдалады, олар бояуды жақсы ұстайды. Алдын ала су сабынмен жуып алады. Ол бояудың мата бетіне жақсы жағылуы үшін қажет.

**3. Матаны кергішке керу.** Дайын жылжымалы кергішті (көркем салондарда сатылады) немесе өз қолыңмен жасаған кергішті қолдануға болады. Матаны кергішке сағат тілі бағытымен, қарапайым жапсырма шегемен бекітеді. Жіптердің кесе-көлденең болуын ескере отырып, матаны кергішке қатты керу керек. Егер дұрыс керілмесе, сурет өзгеріп кетеді.

**4. Матаға калькадан суретті көшіру.** Сурет салынған кальканы керілген матаның теріс бетіне



бекітіп қояды. Калькадан көрініп тұрған суретті жіңішке қарындашпен матаның бетіне көшіріп салады.

**5. Матаның бетіне резерв жүргізу.** Сурет матаның бетіне салынғаннан кейін резервті сызуға кіріседі. Сызық үзіліп, бояу ағып кетпеуі үшін резервті абайлап сызу керек. Резервті жоғарыдан бастаған дұрыс, сонда төмендегі жиек сызықтар сүртіліп кетпейді. Суреттің жиегіне резерв толық жүргізілгеннен кейін оны кептіріп қояды.

### Оқы, қызық!

Бір кеңістіктен екіншісіне өтіп кетпес үшін жиек сызық үздіксіз болу керек. Жүргізілген жиек сызықтың сапасын тексеру үшін матаны жарыққа қойып қарайды. Жарықта жиек сызықтың үзілген жерлері анық көрінеді. Басқа да тексеру тәсілдері бар. Айталық, қылқаламмен және қоспасыз таза сумен сурет салу тәсілі. Үздіксіз жиек сызықпен салынған элементті сумен бояу керек. Егер су жиек сызықтан өтіп кетсе, онда оның үзіліп кеткені.

### Ойлан.

Сенің ойыңша, суретші мына сурет арқылы нені көрсеткісі келді? Қызыл шеңбермен көрсетілгендей қателерді қалай жібермеуге болады? Сен мұндай қателікті қалай түзер едің?

### Орындап көр.

- Мата бетіне көркем өрнек салуға қажетті материалды дайында. Ол үшін:
- батикке жарайтын матаны таңдап ал және **кергішке** кер;
  - нобайды дайында және матаға көшір;
  - матаның бетіне ұқыптап **резерв** жүргіз.

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Жиек сызықтан су өтіп кетсе, не істер едің?

### Қауіпсіздік ережелері

Өткір және кескіш құралдармен жұмыс істегенде абай бол.

## Матаға көркем өрнек салу

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- батик техникасында бояумен қалай жұмыс істеу керектігін білесің;
- батик техникасында жасалған жұмысты қалай жақсартатындығын түсінесің;
- суық батик техникасында көркем өрнек саласың.

### Тірек сөздер:

«тамшы» тәсілі,  
лессировка.

### Суреттерге мұқият қара.

Сенің ойыңша, бұл суреттер қалай салынған? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Суреттерді көргенде сенде қандай ой туды?



### Оқы, қызық!

Батикте **лессировка** жиі қолданылады.

Лессировка күрделі фонды жасауда, бейненің ерекшелігін көрсетуде, реңді жұмсартуда қолданылады. Оның көмегімен бір түстен екінші түске өте отырып, салынатын бейненің үлбіреген қалпын дәл көрсетуге болады.

### Бояулармен тәжірибе жасап көр.

Бұл тапсырманы орындау үшін қағаз бен акварель бояуды дайындап қой. Парақты екіге бөл. Қағаздың бір жартысын жалпақ қылқаламмен сула, екінші жартысын құрғақ күйінде қалдыр. Орташа қылқаламды алып, бояуға батыр, содан кейін парақтың құрғақ және дымқыл жақтарына бірнеше тамшы тамыз.

1. Не көрдің? Парақтың дымқыл жағындағы бояу қандай өзгеріске ұшырады?
2. Парақтың құрғақ жағындағы тамшылар қандай болды?
3. Неге олар әртүрлі болып көрінеді?
4. Саған парақтың қай бөлігіндегі бейнелер ұнады? Неге?
5. Матаға көркем өрнек салғанда оның қай тәсілін (құрғақ немесе дымқыл) қолдануға болады? Неге?

## Матаға суретті қалай салады?

Сен жоспар құрдың және матаға салынатын болашақ суреттің нобайын жасадың. Енді идеяңды жүзеге асырудың, яғни батик салудың жолдарын ойластыр.

- Жұмысқа кіріспес бұрын үстелдің үстін дайында. Артық заттарды алып тастап, бояуларды орналастыр, матасы керілген және суреті салынған кергішті қой.
- Матаның қиындысына бірнеше тамшы тамыз. Бояуға не болды, ол қалай тамды? Матаның бетінде жайылып кетті ме, әлде өз қалпын сақтады ма? Батикпен жұмыс істегенде бояудың осы қасиеттерін ескер.
- Матаға бояуды жағар алдында оны палитрада араластырып, қажетті түсті шығар. Оны басқа матаның қиындысында тексеріп ал. Матада бояу қалай араластығына назар аудар.
- Суретті салуды көрерменнің көзіне түспейтін элементтен баста. Ол үшін мата бетін аздап ылғалдап ал, содан кейін ортасына бояу жақ. Ол матаның бетінде резервтік құрамға дейін біртіндеп жайылады. Жұмысты ашық түстен қара түске біртіндеп ауыстыру керек.
- Үлкен элементтерді сала бастағанда бояудың бағытын байқап, керек жаққа қарай бағыттап отыр.



### Оқы, қызық!

Дайын батикке әртүрлі эффект беруге болады. Мысалы, «тамшы» тәсілін қолдану үшін бояуы кеппеген матаның кей жерлеріне тұз себеді. Тұз ақшыл түсті «жұлдыздар» бейнесін жасайды.



### Орындап көр.

Матаның бетіне резерв құрамымен салынған суретті батик бояуларымен бояуға кіріс.

### Өз жұмысың туралы айтып бер.

Салған суреттерің әсерлі болу үшін қандай тәсілдерді қолдандың?

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Жұмысыңның қай жері сәтті шықты?
2. Батик әдісі несімен ұнады?
3. Қандай бұйымдарды батик әдісімен безендіргің келеді?

## Бұйымға көркем өрнек салу жұмысын аяқтау

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- бұйымдарды батик әдісімен сәндеу жолдарын үйренесің;
- өз туындыңды әсемдейсің.

### Тірек сөздер:

бөлшектеу, безендіру, штамп, кракле, баспатаңба.

### Ойлан.

Өткен сабақта батик әдісімен жасаған жұмысыңды қарастыр. Ойлан.

- Суреттегі бейнені аяқтау үшін не салу керек деп ойлайсың?
- Қай элементтерді айқынырақ салуға немесе ерекшелеп көрсетуге болады?
- Нысандарды қандай тәсілдермен нақтылауға болады?
- Қандай құралдардың көмегімен шығармашылық жұмысыңды аяқтай аласың?



### Оқы, қызық!

Батикте **штамппен** бояу тәсілі жиі қолданылады. Дайын штамптарды (металдан, ағаштан, піл сүйегінен жасалған) ерітілген балауызға малып алады да, тез арада матаның бетіне бастырады. Үндістанда бұл тәсіл каламқари деп аталады.

Сен балауыздың орнына бояуды қолдана аласың.



Батикте түрлі түсті қалың жиек сызықтарды пайдалану қызықты. Олар дайын суретті сәндеуге арналған. Жиек сызықтармен матаның бетіндегі суреттерді айрықшалап көрсетеді және ұсақ бөлшектерді белгілейді.

### Анықта.

**Баспатаңбаны** қалай және неден жасауға болады?



Батикте сонымен қатар **кракле** әдісін қолдануға болады. Бұл – әдейілеп кракелюр деп аталатын сызаттарды түсіру әдісі. Кракле алу үшін мыналарды орындайды:

- дайын батиктің бетіне толығымен балауыз жағады;
- балауыз кепкеннен кейін жұмысты кергіштен шешіп алады;
- сол қолды матаның астына, ал оң қолды үстіне қояды. Сол қолдың сұқ саусағымен матаны астынан көтереді, ал оң қолдың бас бармағымен және сұқ саусақпен үстінен басады, нәтижесінде балауыз жарыла бастайды;
- матаны қайтадан кергішке кереді, алдымен жарылып сызаттар түскен жерлеріне сабын қоспасын жағады, содан кейін бояйды. Матаны кептіреді және кергіштен шешіп алады.
- матаның бетін балауыздан тазартады. Ол үшін жұмысты бірнеше қабат қағазбен орап, үтікпен басады.

### Сен қалай ойлайсың?

Қай тәсіл сенің идеяңды дәл жеткізе алады? Оған қажетті материалдарды дайында.

### Орындап көр.

Бұйымды әсемдеу туралы алған біліміңді пайдаланып, өз жұмысыңды аяқта.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Сенің ойыңша, батик техникасында жасалған дастарқан мен орамалды қай безендіру әдісі көбірек аша түседі? Неге?



## Барлығыңызды көрмеге шақырамын

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- батик техникасында безендірілген бұйымдардың көрмесін қалай ұйымдастыру керектігін білесің;
- көрмеге қатысасың және өзіңнің шығармашылық жұмысыңды көпшілікке таныстырасың.

### Ойлан.

Өзіңнің және достарыңның бұйымдарын қалай таныстырар едің?



### Оқы, қызық!

Қазіргі кезде көркемдік жұмыстарды көпшілікке көрсетудің бірнеше тәсілі бар. Интернет-технологиялардың дамуы көрмелерді онлайн режимде өткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен шынайы өмірдегі дәстүрлі көрмеден көрермен көбірек әсер алады.

### Өз жұмысыңды безендір.

Шығармашылық жұмыстарды көрмеге қояр алдында безендіру керектігін білесің. Безендіру үшін багет немесе паспартуды қолдануға болады. Жұмысыңның идеясы мен композициясын көрсету үшін қай тәсілмен безендіретініңді анықта. Содан соң багетіңді көрмеге дайында.

### Анықта.

Көрмені қалай безендіруге болады? Батикті көрмеге қою үшін нені пайдалануға болады?

### Ойлан

Өзіңнің және достарыңның жұмыстарын қалай таныстырар едің? Мектептегі көрмені қалай ұйымдастырар едің? Қай жерде және қандай формада өткізер едің? Оны қалай атар едің? Көрмеге кімдерді шақырар едің?



Көркем бұйымдарды көрмеге дайындау қажет. Оларға заттаңба жасап, бекітіп қой. Жұмысты қай жерге орналастырса, көрермен назарын аударып, әсерлендіреді? Ойлан.

### Заттаңбаның құрылымымен таныс.

- Заттың аты (мысалы, қызыл ағаштан жасалған үстел). Негізгі мәліметтер (автордың аты-жөні, дайындау мерзімі, материалы, жасалу тәсілі, қолданылған орны).
- Қосымша мәліметтер (қосымша мәліметтер арқылы туындының идеясын түсіндіру).

### АҚБОТА НАЗАРОВА

#### «Астана таңы»

Жібек, батик, сумоншақ, Аралас техника. 60x75 см.

2015 жыл

### Көрме алдындағы соңғы жұмыстар

1. Кез келген көрмені алдын ала хабарлау қажет, яғни афиша дайындау керек. Сондықтан батикке арналған көрменің афишасы қандай болатыны туралы ойланып, дайындал.

2. Көрме барысында авторлар кейде өздері және жұмыстары туралы айтады. Сен де өзің және өз жұмысың туралы қысқаша аңгімелеуге дайындал.

### Көрмеге қатыс.

Түрлі түсті стикерлерді, смайликтерді немесе пікірлер кітабын пайдаланып, өз жұмысың туралы пікірлерді жинастыр. Үялма, батылырақ бол. Көрермендерден сенің жұмысыңнан алған әсерімен бөлісуін сұра. Қалай бағаласа да, олардың ой-пікірлері сен үшін өте маңызды екенін айт.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Сенің ойыңша, батик тәсілдерінің қандай артықшылықтары бар?

### Өз жұмысыңа заттаңба дайында.

Жазуға арналған қажетті қаріпті, түсті, әріптің өлшемін таңдап ал және кішкене жолақ қағазға жұмыстың атын, қолданған материалын, бұйымның техникалық сипаттамасын және автор туралы мәліметтерді (аты-жөніңді, мектебің мен сыныбыңды) жаз. Дайындаған заттаңбаны бұйымға бекіт.





## Сәндік-қолданбалы өнер. Қорытынды

Сен осы тарауды оқу барысында көркем өрнек салу тәсілдерін меңгердің. Батик техникасында (суық, ыстық, түйіндеп өңдеу) қолданылатын материалдар мен матаға көркем өрнек салу түрлерін анықтадың. Енді сен өз бетіңше бұйымды дайындау және безендіру үшін оның нобайын жасап, көркем өрнек салу тәсілдерімен безендіре аласың.

Сен қолмен бояудың түрлі тәсілдерін меңгере отырып, көркем өрнек салудың әдіс-тәсілдерімен жұмыс істедің.

Енді мынадай сұрақтарға жауап беріп, өз біліміңді бағалап көр:

- Көркем өрнек салу тәсілдері қайда және қалай қолданылады?
- Бұйымды безендіру және сәндеуде көркем өрнек салудың қандай пайдасы бар?
- Жинаған тәжірибеңді одан әрі қалай жетілдіруге болады?

Көркем өрнек салуды меңгеру барысында алған білімдерің мен дағдыларың келесі тарауды оқығанда пайдалы болады.



# Дизайн және технология

# 3

## Қымбатты жас дос!

Сен бұл тарауда әдемі киімдер мен аксессуарлар әлемімен танысасың. Сабақта өзіңнің шығармашылық қабілетіңді көрсетіп, қиялыңа ерік бере аласың! Тарау тақырыптарын меңгере отырып:

- киімді қалай өзгертуге, трансформациялауға (түрлендіруге) және қайта жөндеуге болатынын және оның не үшін жасалатынын білесің;
- киімді әртүрлі тәсілмен киіп, қызықты тәжірибе жасап көресің және «барлық жағдайға ыңғайлы» киім дайындау тәсілдерін қарастырасың;
- жапон өнеріндегі фуросики – орамалдан әдемі сөмке байлау тәсілімен танысып, тоқыма сөмке жасайсың;
- керексіз футболка, джинсы және басқа киімдерден аксессуарлар жасауды үйренесің;
- тоқыма сөмке жасап, оны әшекейлейсің;
- өз жұмысыңды көрмеге немесе бұйымдар көрсетіліміне ұсынасың.

Бұл тараудың тақырыптарын зерделеу саған жеке бір бұйым жасауға, шығармашылық ойыңды жүзеге асыруға зор мүмкіндік береді.



## Киімді түрлендіру (трансформациялау)

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- киімді түрлендірудің не екенін білесің;
- киімді түрлендіру тәсілдерін үйреніп, өз нұсқаларыңды жасайсың.

### Тірек сөздер:

өзгерту,  
трансформер,  
модуль,  
модульді киім.

### Оқы, қызық!

Өткен ғасырдың 80-жылдары британдық журналист Лидия Сильвестра трансформер-көйлек ойлап тапты. Таныстырылымда бір көйлекті киюдің жүзден астам түрі көрсетілді. Бұл көйлек кейінірек Infty Dress, яғни «өзгермелі көйлек» деп аталып кетті.

### Суреттерге қара және сұрақтарға жауап бер.

Фотосуреттердегі киім үлгілерінің арасында қандай ұқсастық пен айырмашылық бар? Тоқыма кеудешені киюдің қандай тәсілдерін ұсынар едің?



Киімге әртүрлі талаптар қойылады. Біреулер киім бағасының үнемділігін, енді біреулері киімнің сәнге үйлесімділігі мен алуан түрлі болғанын ұнатады. Киімнің қызметін арттыру, үнемдеу және киім санын көбейту үшін оларды түрлендіруге, яғни трансформациялауға болады.

**Трансформация** – бір пішіннің басқа пішінге өзгеруі. Трансформацияның әртүрлі тәсілдері бар. Киімнің бір түрін әртүрлі тәсілмен кию – киімді трансформациялаудың бір түрі болып табылады.



Киімді сан түрлі тәсілдермен трансформациялауға болады. Киім бөлшектерін (модульдерін) өзгерту арқылы бұйымды бір түрден екінші түрге түрлендіруге болады. Мысалы, киім бөлшектерінің орнын ауыстыру, біріктіру немесе ажырату, қапсыру немесе созу, бұйым өлшемін немесе көлемін өзгерту және т.б. тәсілдерді қолдана аламыз. Модуль тұтас бұйым немесе бұйымның белгілі бір бөлігі болуы мүмкін.

Киімнің бір бөлшегін трансформациялау тәсілі батырма, ілгек, түйме, бау және т.б. арқылы орындалады.

### Анықта.

Трансформация қандай тәсілмен жасалған? Киім бөлшектерінің атауын атап шық. Бұл киім модельдеріне не үшін трансформация жасалған?



### Орындап көр.

Киімді әдеттегіден тыс өзгеше кию мен оны адамның дене бітіміне ыңғайлау тәсілімен тәжірибе жүргіз. Тәжірибе жасау үшін бір киім түрін таңда. Нәтижесін зерттеу альбомыңа жаз.



#### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Трансформер киім не үшін жасалады?
2. Қазіргі кезде трансформер киім не үшін керек?

## Киімді трансформациялауға арналған идеялар

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- киімді қайта жасау мүмкіндіктері туралы білесің;
- киімді қайта жасау тәсілдерімен танысасың;
- өз бетіңше киімді қайта жасай аласың.

### Тірек сөздер:

қайта жасау,  
рециклинг,  
жаңалау.

### Анықта.

Бұйым қандай тәсілмен өзгертілген?

### Суреттерге қара.

Киімді қайта өңдеп, қандай киім тіккен?



Экологтардың көзқарасы бойынша қазіргі өндірісте тоқыма бұйымын қайта өңдеу өзекті мәселе болып табылады. Тоқыма материалдарын әртүрлі мақсатта қайтадан қолдану, тігін бұйымын, киілмейтін киімді, кілемді өндіріске арналған шикізат ретінде қайта өңдеу **рециклинг** деп аталады.

### Сен білесің бе?

Киімді трансформациялау немесе қайта өзгерту, пішу және бөлшектерді біріктіру, бұйым өлшемін кішірейту, бөлшектерін өзгертіп, басқа бұйымдардың бөлшектерімен біріктіру, киімге қосымша аксессуарлар пайдалану арқылы жасалады. Киімді жаңалау үшін жапсырма, шілтер т.б. сәндік материалдар қолданылады.



## Назар аудар.

Киімді қалайша өзгертуге болады? Бұйымның пішінін өзгертіп, өңдеу сатыларын жаз. Оларды басқаша қалай өзгертуге болады?

## Ойлан.

Киімді өзгертудің қандай тәсілдерін ұсынар едің? Алдымен киімді таңдап, оны қайта жөндеу немесе жаңалаудың екі-үш нұсқасын қарастыр. Бұйымды ою-өрнекпен безендіру мүмкіндігін ойластыр. Қайта жөндеу, өзгерту идеясын жүзеге асыру үшін қандай материалдар қажеттігін анықта. Сонан соң, өзгерту жолын графикалық түрде суретте. Зерттеу альбомына өзгерту үдерісін сипаттап жаз.



## Орындап көр.

Өз идеяңды жүзеге асыр. Киімді іс жүзінде өзгертіп көр. Ойыңа қандай идеялар келді? Батыл бол, тәжірибе жасаудан қорықпа. Жұмысқа кіріспес бұрын таңдаған киімнің өзгертіп тігу үшін үлкендерден рұқсат сұра.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Киімді өзгерту барысында ойыңа тағы қандай идеялар келді?
2. Сенің ойыңша, рециклинг не үшін пайда болды?

## Сәндік тігін материалдары және фурнитура

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- тігін бұйымын әшекейлеуге арналған сәндік материал түрлерімен танысасың;
- фурнитура түрлерін білесің және киімге фурнитураны тігу тәсілдерін үйренесің;
- киімді сәндік материалдармен әшекейлейсің.

### Тірек сөздер:

сәндеу, сәндік тігін материалдары, страза, пайетка, фурнитура.

### Суреттерге мұқият қара.

Төмендегі суреттерде не бейнеленген? Олардың тігін өндірісіне қандай қатысы бар? Олар не үшін қолданылады?



Тігін бұйымын **сәндеу**, эстетикалық сапасын арттыру үшін әртүрлі **сәндік тігін материалдары** қолданылады. Олар дайындалатын шикізаттың өлшемімен, пішінімен және түсімен ерекшеленеді.

### Анықта.

Сәндік тігін материалдарының тағы қандай түрлері бар? Кестеде көрсетілмеген тігін бұйымдарын сәндеуге арналған материалдарды ата.

Сәндік тігін материалдары	Анықтама
<b>Тоқыма материалдар</b>	Талшық, жіп және кірміжіптен жасалған бұйым
Шілтер	Селдір, торлы, айшықты бұйым
Таспа	Жиегі өңделген, еңсіз жіпшеке маға жолағы
Ызба	Еңсіз тығыз тоқылған немесе өрілген бұйым
Бау	Жұмыр етіп өрілген, есілген немесе тоқылған бұйым
<b>Тоқыма емес материалдар</b>	Химиялық өнім, былғары, тері кәсіпорындарының бұйымдары
Сумоншақ	Майда дәңгелек немесе көп қырлы ұсақ моншақ
Пайетка	Тігуге арналған тесігі бар жылтырақ материалдан жасалған тегіс қабыршақ
Сграз	Асыл тастарға ұқсас шыныдан жасалған кристалл



### Анықта.

Бұйым қандай сәндік материалдармен безендірілген?

Тігін бұйымын әшекейлеуде әртүрлі фурнитуралар қолданылады. **Фурнитура** – киімді түймелеу, бекіту, сәндеу үшін қолданылатын құралдар. Тігін фурнитурасына түйме, сыдырма, ілгек пен түймелік, батырма және т.б. жатады.



Түйме

Ілгек пен түймелік

Батырма

Сыдырма

### Орындап көр.

Өткен сабақта киімді қайта өзгерту тәсілін қолдана отырып, оның жаңа түрін жасадың. Енді оны сәндік материалдар мен фурнитураларды қолдану арқылы әшекейле.

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Фурнитураны қолдану арқылы киімді қалай сәндеуге болады?



## Тоқыма материалдарынан жасалған аксессуарлар

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- аксессуар түрлерімен және фуросики-сөмкесімен таныса-сың;
- фуросики-сөмкені байлау тәсілін қолдана отырып, сөмке жасауды үйренесің;
- қолда бар материалдардан бижутерия жасайсың.

### Тірек сөздер:

аксессуар,  
фуросики,  
бижутерия,  
алқа.

### Суреттерге қара.

Мына бұйымдар қалай аталады? Олардың киіммен қандай байланысы бар?



**Аксессуарлар** – киімді сәндеуге және әшекейлеуге арналған қосымша бұйымдар. Олар киімнің негізгі элементтерінің біріне айналуы да мүмкін. Аксессуарларға бас киім, шалма, орамал, галстук, көзілдірік, қолғап, қолшатыр, сөмке, әмиян, белдік, белбеу, бижутерия, зергерлік әшекейлер, сағаттар жатады. Кейбір аксессуарларды өз қолыңмен жасауға болады.




### Оқы, қызық!

Фуросики-сөмке – әртүрлі мақсаттарға пайдалануға болатын аксессуардың бірі. «Фуросики» сөзі жапон тілінен *monish klemshes* деп аударылады. Ол – кез келген пішіндегі, көлемі әртүрлі бұйымды салып жүруге және орауға арналған төртбұрышты мата.



### Үйрен.

Фуросики-сөмкені байлаудың қарапайым және күрделі тәсілдері көп. Солардың бірнеше түрін байлап үйрен.



Аксессуарларға арзан материалдардан жасалған әшекейлер, яғни **бижутерия** да жатады. Әдемі тоқыма бижутерияларды қолда бар материалдардан жасауға болады. Мысалы, тоқыма футболканы немесе майканы жолақтап қиып, түтікше етіп созады. Содан соң ұшын байлап, әртүрлі тәсілмен өреді немесе біріктіреді. Тоқыма бұйымның қиықтары созу барысында шиыршықталады, бірақ сәтінемейді. Джинса матаның қиықтары керісінше шашақталып, қатты сәтінейді. Материалдардың осы қасиеттері бижутерия жасау барысында қолданылады.

### Анықта.

Тоқыма матадан ортаңғы бөлігі айқын көрінетін алқаны қалай жасауға болады? Ол үшін керексіз футболка немесе майканы алып:

- жолақтап қи;
- жолақты түтікше етіп соз;
- түтікшелерді ұзындығы бойынша теңестіріп, ұшын қи;
- түтікшелерді бауға немесе алқаға байла;
- оларды әртүрлі тәсілмен өр немесе байла;
- түрлендіру үшін тоқыма материалдардың орнына түстері әртүрлі басқа да материалдарды қолдануға болады.



### Сыйлық жаса.

Сен интернеттен фуросики-сөмкені жасау тәсілін өз бетіңше үйрене аласың. Оны жасап, достарыңа сыйлауыңа болады.

### Орындап көр.

Сен фуросики-сөмке мен алқа жасау тәсілімен таныстың. Енді оларды жасап көр. Сөмке жасау үшін әдемі мата мен өзіңе ұнайтын байлау тәсілін таңда. Алқа жасауға қолда бар кез келген материалды пайдалануға болады.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Фуросики-сөмке жасауға байланысты сенде қандай идеялар пайда болды?
2. Алқадан басқа қандай бижутерия жасай аласың?

## Тігін бұйымдарын пішуге дайындау

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- сөмке конструкциясымен және бөлшектерімен танысасың;
- сөмке пішімінің құрылымын білесің;
- сөмке бөлшектерінің пішімін жасауды үйренесің.

### Тірек сөздер:

конструкция,  
пішім, қақпақша.

### Суреттен қандай сөмкелерді көрдің?

Сөмкелердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Олар қандай бөлшектерден тұрады?



### Зертте.

Кез келген сөмкенің **конструкциясын** қарап шық. Мысалы, мектепке арналған жолдорбасы немесе портфельді алайық. Олардың қандай бөліктерден тұратынын анықта. Зерттеу альбомына олардың атауларын жаз.

### Оқы, қызық!

Жыл өткен сайын қолдануға өте ыңғайлы болып саналатын трансформер-сөмкелер кен таралып келеді. Кейбір сөмкелердің жоғарғы бөлігі негізгі қаңқаға металл батырмамен бекітіледі. Сөмкенің негізгі бөлігіне жаңа **қақпақша** бекітілгенде, ол мүлдем басқаша көрінеді. Осылайша, әйелдер сөмкесі жол сөмкесіне немесе жолдорбаға айналады.



Сөмке тігу үшін бөлшектердің шынайы көлемдегі сызбасын, яғни пішімін дайындау қажет. Сыртқы түрі, құрамдас бөліктерінің өлшемі, бөлшектерді тұтас біріктіру тәсілдері тігін бұйымының конструкциясын құрайды. Сөмкенің негізгі бөлшектеріне алдыңғы, артқы, бүйір, астыңғы бөлшектері немесе түбі, бауы, қақпақша, сыдырма жатады. Сөмкенің аузы – сөмкеге зат салатын ашпалы бөлігі. Қақпақша – сөмкенің аузын жабатын бөлшегі.

### Назар аудар.

Сөмкенің белгілі бір түрін жасау үшін қандай пішімдер дайындау қажет?

- Көлемі үлкен сөмке жасағанда, оның түбі маңызды рөл атқарады. Сөмке түбіне тікбұрышты пішіндегі жолақ дайындалады, ұзындығы негізгі бөліктің ұзындығы бойынша анықталады және сөмке биіктігінің екі есе көлемі қосылады. Түп жолағының ұшына қарай енін тарылтуға немесе кеңейтуге болады.

- Дөңгелек көлемді сөмкенің астыңғы бөлшегі дөңгелек пішінде жасалады. Сөмкенің қабырғалары тікбұрышты жолақ түрінде дайындалады, ұзындығы түп шеңберінің ұзындығына тең. Шеңбер ұзындығы  $L = 2\pi R$  формуласы бойынша есептеледі, мұндағы  $L$  – шеңбер ұзындығы,  $R$  – радиус,  $\pi = 3,14$  (тұрақты шама).



### Ойлан.

Сөмкені тігуге қажетті материалдар туралы ойланып, жазып ал:

- сөмкенің беткі жағы мен астарына қажетті материалдар;
- ұстайтын жері;
- құлып, ілгек немесе магнитті түймешік;
- жіп, сөмкені әсемдеуге арналған түрлі материалдар.

### Орындап көр.

Ұсынылған сөмкелердің модельдерін қарап шығып, өз сөмкенің макетін жаса. Пішім дайында. Ол үшін:

- сөмке моделін таңда;
- сөмкенің өлшемін, бөлшектері мен пішімін анықта;
- сөмке бөлшектерінің сызбасын дайында;
- бөлшек контуры бойымен сызбаны қиып ал;
- пішімге бөлшек атауларын, пішім бөлшектерінің санын жаз;
- пішімге бойлық жіп бағытының сызығын жүргіз;
- бөлшектің әр қиығына оңдеуге арналған қосымша көлемді белгіле;
- сөмке бөлшектерінің үлгісін қағаздан немесе полиэтиленнен қиып ал;
- сөмкенің бөлшектерін желім, степлер және т.б. қолдана отырып біріктір.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Неліктен трансформер сөмкелер пайда болды?
2. Трансформер жасау идеясы сені басқа қандай идеяларға жетеледі?

## Тігін бұйымдарын пішу

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- пішімді және материалды пішуге қалай дайындайтынын үйренесің;
- матаға сөмке бөлшектерін орналастырасың, бормен сызып, мата қиықтарын пішесің.

### Тірек сөздер:

орналастыру,  
бормен сызу, пішу,  
декатирлеу, дискілі пышақ.

Өткен сабақта сөмке бөлшектерінің пішімін дайындадың. Енді оларды матадан пішіп алу қажет. Ол үшін пішуге арналған материалды таңдау керек. Материалдың оң бетін, бойлық жіп бағытын, ақаудың бар-жоғын анықтағаннан кейін оны үтіктеу қажет. Материалды пішпес бұрын оны декатирлеу, яғни таза сумен жуып алу қажет. **Декатирлеу** матаның тартылуының, яғни бөлшек көлемінің кішіреюінің алдын алу үшін жасалады.

Материал, сыдырма мен ызба булы үтікпен үтіктеледі.

### Назар аудар.

Матаға пішімді **орналастыру** үшін төмендегілерді білу қажет:

- матаны пішу үшін оң жағымен ортасынан екі бүктеп немесе оң жағын астына қаратып, үстел үстіне жаяды;
- пішу жұмысы жайылма бойлық жіп бағыты, мата суреті мен қосымша көлемі ескеріле отырып, үлкен бөлшектерді және матаның бүктемесіне қойып пішілетін бөлшектерді орналастырудан басталады;
- материалды үнемдеп пайдалану қажет;
- пішімді матаға түйрегішпен түйрейді;
- орналастырылған пішімді **бормен сызу** үшін сызғыш пен лекало қолданылады;
- пішімді айналдыра сызу үшін тігінші боры немесе құрғақ жіңішке сабын қолданылады;
- бормен сызылған сызық анық, жақсы көрінуі тиіс. Мұндай сызықтың қалыңдығы 1 мм-ден аспауы тиіс.



Пішу үшін қайшы немесе **дөңгелек (дискілі) пышақ** қолданылып, матаның астына арнайы пластиктен жасалған төсеніш-кілемше төселеді. Қиылған бөлшектің жиегі сетінемеу үшін арнайы ирек тісті қайшы қолданылады.

### Оқы, қызық!

Жеңіл өнеркәсіпте материалды компьютермен басқарылатын лазер сәулесі арқылы пішеді. Лазер сәулесі аса дәлдікпен пішуге мүмкіндік береді.



### Орындап көр.

Өз бетіңше сәмке бөлшектерін пішіп шық. Алдымен матаны жайып, оның үстіне өткен сабақта дайындаған пішімді орналастыр. Есіңде болсын, алдымен үлкен бөлшектер, содан кейін кіші бөлшектер орналастырылады. Пішімдерді інменен түйреп бекіт. Пішімдердің жиектерін бормен сызып ал. Пішімдердің жиектерінен тігiске қосымша жер қалдырып, бормен сызып шық. Бөлшектерді қиып ал.

Бөлшектерді пішіп алған соң, матаға бақылау сызықтары мен негізгі бөлшектерді біріктіру белгілерін көшір. Белгі бөлшектерді дәл әрі дұрыс біріктіру үшін қолданылады.

Қиятын және түйрейтін құралдармен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақта.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Матадан сәмке бөлшектерін пішу барысында саған қай жұмыс қиынға соқты? Неге? Келесі бұйымды пішу барысында бұны қалай жеңілдетуге болады?

## Тігін бұйымдары бөлшектерін өңдеу

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- тігін мәшinesімен бөлшектерді біріктіру тәсілдерін үйренесің;
- тігін мәшinesімен жұмыс істеу кезінде тігіс сапасын реттеуді меңгересің.

### Тірек сөздер:

ақау,  
реттеу,  
жіптің керілуі,  
тігістің іркілуі.

### Суреттерге мұқият қара.

Тігін мәшinesінің бөлшектері мен бөлшектері қалай аталады?

Бұйым тігін мәшinesінің қай бөлшектері арқылы тігіледі?



Тігін бұйымдарының бөлшектері біріктіріліп, қол инемен немесе тігін мәшinesімен тігіледі. Мәшине тігісі сапалы болуы үшін тігін мәшinesінің жұмыс механизмін реттеу қажет.

Ине мен жіптің жуандығын матаның түрі мен қалыңдығына сәйкес дұрыс таңдау – материалдың зақымданбауына, сыртқы түрі мен тігіс сапасына әсер етеді.

Иненің нөмірі оның жуандығы (диаметр) мен миллиметрдің жүздік өлшемін (мысалы, № 90 = 0,9 мм) білдіреді. Иненің нөмірі артқан сайын, ол жуандай түседі. Жіптің нөмірі бір грамм жіптің метрлік көлемін білдіреді, сондықтан жіп нөмірі артқан сайын жіп те жіңішке түседі.

### Анықта.






Мата түрі мен қалыңдығына сәйкес инені қалай таңдау қажет?

	Материал	Ине нөмірі	Жіп нөмірі
Мата	Женіл (жейде, блузқаға арналған мата)	60-70	80-70
	Орташа (костюмге арналған мата)	80-90	60-50
	Қалың (пальтоға арналған мата)	100-100	40-30
Джинса мата	Женіл	70-90	70-50
	Орташа	100-110	40-30

Тігу кезінде үстіңгі жіп (іне) пен астыңғы (қайық) жіптің тартылуы реттелген жіптер айқаспасы біріктірілген материалдың ортасында болады. Егер жіптер айқаспасы біріктірілген материалдың бетінде болса, тігіс бос болып, іркіледі.

Иненің бір шаншымынан екінші шаншымына дейінгі аралықтағы жіп ұзындығы *инешаншым ұзындығы* деп аталады. Бір инешаншым ұзындығын өлшеу үшін 10 мм тігістегі инешаншым саны анықталады. Негізінде 10 мм тігісте 3-5 инешаншым жүргізіледі. Ирек тәрізді тігіс жүргізу үшін инешаншым жиілігімен қатар тігіс ені реттеледі.

### Кестеге назар аудар.

Реттегіші	Тігіс	Реттеу
	 	Инешаншым ұзындығы  Ирек тігістің ені
		Үстіңгі жіптің керілуі

### Орындап көр.

1. Тігін мәшинесінің реттегіші арқылы инешаншым жиілігін реттей отырып, қиынды мата бөлігіне мәшине тігісін жүргіз.

2. Тігін мәшинесін түрлі түсті жіппен сабақта және үстіңгі жіптің керілуін өзгерте отырып, қиынды мата бөлігіне мәшине тігісін жүргіз.

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Мәшине тігісін қалай жүргіздің?  
Қандай ақаулар болды? Себебін анықта.

### Тігін мәшинесімен жұмыс істеу кезінде сақталатын қауіпсіздік ережелері:

1. Жұмысты бастар алдында тігін мәшинесінің дайындығын тексеру.
2. Ине мен табанның берік бекітілуін тексеру.
3. Мәшинеінің айналмалы, қозғалмалы бөліктеріне жақындамау.
4. Педальмен ұқыпты жұмыс істеу, оны үзбей, ақырын бірсарынды басу.

## Тігін бұйымдарын біріктіру және ылғалды жылумен өңдеу

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- тігін бұйымын біріктірудің технологиялық реттілігін білесің;
- ылғалды жылумен өңдеуге арналған құралдармен танысасың;
- тігін бұйымдарының бөлшектерін біріктіресің және ылғалды жылумен өңдейсің.

### Тірек сөздер:

үтіктеуге арналған мата, ылғалды жылумен өңдеу.

Бұйым тігу (мысалы, сөмке тігу) ісі белгілі бір ретпен жүргізіліп, бірнеше сатыда орындалады.

### Зертте.

Тігін бұйымының (түбі бар сөмке) бөлшектерін құрастыру мынадай технологиялық реттілікпен жасалады:

- бұйымның жеке бөлшектерін өңдеу;
- сөмке түбінің жапсырма бөлшектерін өңдеу (егер қатты түп болса);
- сөмке бөлшектерін көктеу және қайып тігу;
- сәндік бөліктерін тігу;
- сөмкеге бауы мен басқа да бөлшектерді қосып тігу;
- сыдырма, батырма және тағы басқа фурнитураларын тігу (егер қарастырылған болса).

Киім дайындау барысында тігін бұйымын **ылғалды жылумен өңдеудің** маңызы зор. Оны қысқаша **ЫЖӨ** деп атайды. Киімді ылғалды жылумен өңдеу немесе қарапайым үтіктеу ісі бұйымды дайындау барысында бөлшектер мен әртүрлі тігістерді үтіктеу, бөлшектерді желіммен біріктіру, кейбір бөлшектерге көлем беру, сонымен қатар соңғы әрлеу жұмысын жасау үшін жүзеге асырылады. Ылғалды жылумен өңдеу үтіктеу немесе нығыздау арқылы орындалады.

### Есте сақта!

Бұйымды үтіктеу барысында:

- мақта маталарды үтіктеу үшін үтік температурасы 200-270°C-та болуы тиіс және оларды ылғалдап үтіктейді;
- зығыр маталар 250-300°C-та, ылғалдап үтіктеледі;
- табиғи жібек 140°C-қа дейінгі температурада, ылғалсыз, әрі матаның теріс жағынан үтіктеледі;
- жасанды жібек 140°C-та, тамшадан дақ қалатындықтан, теріс жағынан құрғақ үтіктеледі.



Бұйымды өңдеу сапасын арттыру және ЫЖӨ жүргізу үшін түрлі құрылғылар, атап айтқанда, **арнайы қалыптар мен үтіктеу жастықтары, үтіктеуге арналған мата** қолданылады. Үтіктеуге арналған матаға 50x70см өлшемдегі ақ түсті зығыр немесе мақта мата қолданылады. Синтетикалық жіп қосылған матадан жасалған бұйымды ылғалды жылумен өңдеу үшін дәке, байка немесе фланель қолданылады. Ақ матадан тігілген бұйымды үтіктеуге таза ақ матаны қолдану қажет.



### Анықта.

Ылғалды жылумен өңдеуге арналған құрылғылар қалай қолданылады?

Атауы	Көрінісі
Жеңді үтіктейтін қалып – бас жағы әртүрлі, ұсақ және қысқа, бітеу бөліктерді үтіктеуге арналған шағын үтік тақтасы.	
Білеу – бөлшектердің жормелген тігісін жазып үтіктеуге арналған, соңынан бөлшекті оң бетіне айналдырып шығару үшін қолданылатын қалып.	
Білікше – тігісті жазып үтіктеуге арналған, нығыздап толтырылып, матадан жасалатын цилиндрлік жастықша. Ол бұйымның оң жағында тігісін қалдырмауға септігін тигізеді.	
Қағаз жолағы. Тігіс астына төселеді, бұйымның оң жағында із қалдырмауға септігін тигізеді.	

### Орындап көр.

Екі кезеңнен тұратын тәжірибелік жұмысты орында. Сөмке бөлшектерін ылғалды жылумен өңдеп, олардан тұтас бұйым жаса, яғни оларды біріктіріп тік. Ыстық үтікпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережесін сақта.

### Электр үтікпен жұмыс істеу кезінде сақталатын қауіпсіздік ережелері:

1. Үтікпен жұмыс істер алдында баусымының дұрыстығын тексеру.
2. Үтікті құрғақ қолмен тұтқасынан ұстап қосу және ажырату.
3. Үтікті үтік қойғышқа қою.
4. Баусымының үтік табанына тимеуін қадағалау.
5. Жұмыс соңында үтікті ток қозғалымынан ажырату.

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Сөмке тігу барысында сен үшін қай жұмыс ең маңызды немесе жауапты болды? Неге?

## Тігін бұйымдарын әшекейлеу

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- тігін бұйымын әшекейлеудің әртүрлі тәсілдерін үйренесің;
- өз бұйымыңды (сәмкені) әшекейлейсің.

### Тірек сөздер:

монограмма, желімді тапанша.



### Суреттерге қара және сұрақтарға жауап бер.

Сәмкелер қандай тәсілдермен әшекейленген? Қандай сән материалдары қолданылған? Сен қандай сәндеу тәсілдерін білесің?



Көптеген шеберлер өз бұйымдарын сәндеу үшін монограмманы – аты мен тегінің алғашқы әріптерін көрсететін белгіні қолданады. Монограммалар жеке әріптен немесе әріптердің тізбегінен тұруы мүмкін. Монограммалар әртүрлі тәсілдермен орындалады, яғни кестеленеді, баудан немесе жапсырмадан және т.б. жасалады.

### Монограмма дайында.

Өз аты-жөніріңіздің алғашқы әріптерін жаз. Оларды монограмма түрінде қалай жасауға болатынын ойластыр. Өз идеяңды зерттеу альбомыңа сал. Бұйымыңды қандай тәсілмен жасауға болатынын ойластыр.

Бұйымды әшекейлеу үшін сәндік заттарды желімдеп жапсыруға болады. Ол үшін терможелімді тапанша немесе желімдеу материалдары қолданылады.

Тапанша корпусында желімді білік (өзек) орналасатын арнайы саңылау бар. Тапаншаны тіреуішіне қойып, тоққа қосады. Тапанша қызған кезде желім ери бастайды. Егер шүріппесін басқанда ұшынан желім тамшысы шықса, тапаншаның жұмысқа дайын болғаны. Еріген желім жылдам қатады, із қалдырмайды.

Желімді материалдар жолақ немесе жайма түрінде шығарылады, бөлшектердің жиектерін және т.б. жапсыру үшін қолданылады. Желімді материал бөлшек пен әрлеу қабаты арасына орналастырылып, үтіктеу арқылы жапсырылады.



### Ойлан.

Өз сөмкенді қалай сәндер едің? Ол үшін қандай сән материалдары қажет? Әрлеу түрін қандай тәсілмен біріктіресің?

### Есте сақта!

- Жұмыс барысында тапаншаның металдан жасалған ұшын қолыңмен ұстама.
- Еріген желімді қолмен ұстауға болмайды.

### Орындап көр.

Өз сөмкенді әшекейле. Өз идеяңды жүзеге асыруда ба-  
тымлырақ бол. Жаңа форма ойлап тауып, жасап көр. Сөмкеңе  
монограмма кестелеп, достарыңа сыйлауыңа болады. Неме-  
се монограмманы жапсырма түрінде жасап, үстінен пайетка,  
страздармен әшекейлеуге болады. Таңдау өзіңде.

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Қалай ойлайсың, дайын бұйымды үнемі әшекей-  
леп, сәндеу қажет пе?  
Here?

## Жұмысты таныстыру рәсімі

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- дайын бұйымды таныстыруды үйренесің;
- дефиле және таныстыру рәсімін ұйымдастыруға қатысасың.

### Тірек сөздер:

таныстыру рәсімі, дефиле, афиша.

### Сен қалай ойлайсың?


Сәмкені қалай таныстыруға болады? Өз бұйымыңды достарың мен сыныптастарыңа қандай тәсілмен таныстырасың?



Бұйымды көрсету үшін таныстыру рәсімі ұйымдастырылады. Таныстыру формасы мен тәсілі көрермендерге ұсынылатын бұйымға байланысты болады. Мысалы, сәнді киімдер мен аксессуарларды таныстыру үшін негізгі элемент болып табылатын дефиле, сән көрсетілімі жүргізіледі. **Дефиле** – киім жинақтары мен аксессуар модельдерінің көрсетілімі. Дефиленің басты талаптары сәнмінбеде (подиум) жүру мәнері болып табылады, киім көрсетілімі барысында бұрылу, тоқтау, бет мимикасы мен бой түзеу дағдыларына көп мән беріледі.



Сәнді киімдер мен аксессуарлар көрсетіліміне көрермендер назарын аудару үшін әртүрлі жарнама түрлері қолданылады. Сән көрсетілімі туралы хабарлауда ең қолайлы және кеңінен таралған жарнама түрі – **афиша**. Афиша – алда болатын мәдени іс-шара туралы хабарландыру.



### Ойлан.

Өз бұйымды қай формада таныстырасың? Таныстырылым түріне сүйене отырып, бұйымды көрсету тәсілі туралы ойлануың керек. Егер көрмені таңдасаң, онда әр бұйымға сол зат туралы ақпарат жазылған заттаңба (этикетка) дайындауың керек. Егер дефилені таңдасаң, онда жұмысыңды көрсететін модель таңдауың керек немесе өзің модель болуың қажет.

### Өз жұмысыңа арнап, заттаңба дайында.

Өткен сабақтардан көрмеге қойылатын шығармашылық жұмысты қалай дайындайтынын білесің, заттаңба жасай аласың. Оның құрылымын есіңе түсіріп, өз бұйымыңа арналған заттаңба жаса.

### Дефилеге дайындал.

Бұйымның түр-түсіне, өлшеміне және қолданылған материалына байланысты киім дайындауың қажет. Аксессуар туралы ойланып, киімге қандай бас киім, бижутерия, аяқ киім сәйкес келетінін ойластыр. Сонан соң қалай жүресің, қандай әуеннің ырғағымен жүресің, қанша қадамнан кейін бұрылыс жасайсың және т.б. қозғалыстарды үйрен.

### Сыныптастарыңмен талқыла.

Өздерің дайындаған бұйымдарыңды бірлесе отырып қалай көрсете аласыңдар? Сенің жұмысыңның әсемдігін қалай ерекшелеп көрсетуге болады? Көрсетілім түрін таңдауға байланысты дайындық жұмыстарын қалай болісесіңдер, кім неге жауапты болады? Көрсетілімді қай жерде өткізесіңдер? Кімнен көмек сұрайсыңдар? Афиша туралы ойланьңдар.

### Орындап көр.

Бұйымды таныстыру рәсіміне қатыс. Көрермендермен пікірлес, оны қалай жасауды білесің.

#### *фурошики-сәлке*

Материалдар: атлас, сәтен

**Асылзада Хамит**

№ 5 орта мектебінің 7 «а» сынып оқушысы

### Өз жұмысың туралы әңгімеле.

Достарыңмен көрсетілімнен алған әсерің туралы ой боліс. Сенің бұйымыңа қандай пікірлер айтылды? Айтылған пікірлердің қорытындысы бойынша келесі бұйымды тігу барысында нені ескерер едің?

#### **Ойлан және сұрақтарға жауап бер**

Осы тарау материалдарын меңгеру барысында алған білімің мен дағдыларыңды қалай қолданаасың? Сенде қандай идеялар пайда болды?

## Дизайн және технология. Қорытынды

Сен осы тарау тақырыптарын оқу барысында киімді қайта жөндеу, өзгертіп жасау және трансформациялау, аксессуарлар дайындау туралы көптеген қызықты мәліметтерді білдің. Өз нобайың бойынша тігін бұйымын дайындау арқылы шығармашылық жұмыс істеу саған дизайнерлік міндеттерді атқаруға, конструкция жасауға, технологиялық үдерісті жүзеге асыруға, жаңа тәсілдер мен іс-әрекеттерді меңгеруге мүмкіндік берді. Сен талқылау, зерттеу және тәжірибе жұмыстарына белсенді қатыстың. Енді мына сұрақтарға жауап бере отырып, тарау тақырыптары бойынша меңгерген білімің мен дағдыларыңды бағалай аласың:

- Бұл тараудан өзің үшін маңызды саналатын не үйрендің?
- Шығармашылық тапсырманы орындау барысында қай жұмыс ең сәтті шықты деп ойлайсың?
- Алған біліміңді өмірде қолдана аласың ба?



# Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті

# 4

## Қымбатты жас дос!

Сен бұл тарауда әртүрлі халықтардың дәмді әрі пайдалы тағамдарымен танысып, үйде жайлы жағдай жасау жолдары мен тұрмыстық техника түрлерін қолдануды үйренесің.

### Тамақтану мәдениеті бөлімінде:

- қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшелігімен танысасың;
- наурыз мерекесіне орай дайындалатын ұлттық тағамдар туралы білесің;
- әртүрлі халықтардың тағамдарын әзірлеп үйренесің;
- дәстүрлі тәттілердің кейбір рецепттерін қолданасың.

**Үй мәдениеті бөлімінде** жаңа, қызықты дүниелермен танысып, күнделікті өмірде кездесетін сан алуан сұрақтарға жауап аласың. Зерттеу жұмысын жүргізіп және тәжірибе жасай отырып:

- тұрмыстық техниканың алуан түрлерімен танысып, оларды техникалық сипаттамасы бойынша ажыратуды үйренесің;
- сәндік өсімдіктер туралы білесің;
- гүлдермен интерьерді және киімді әшекейлеуді үйренесің. Тарау материалдарын оқу барысында жақын туыстарыңды қуанта отырып, дәмді тағам әзірлеуді және үйде жайлы жағдай жасауды үйренесің.



## Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- қазақтың дәстүрлі тағамдарының ерекшелігі туралы білесің;
- халықтың өмір салтының ұлттық тағамға тигізер әсерін анықтайсың.

### Тірек сөздер:

ет, құрт,  
қымыз, жал-жая,  
жент.

Бұл тағамдар неден және қандай тәсілдермен әзірленген? Сен қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесің?



Қазақ халқының көшпелі тұрмысы ұлттық тағамдарының ерекшелігін қалыптастырған. Ұлттық тағамдардың қатарында ет және сүт өнімдері маңызды орынға ие. Сондай-ақ ұннан дайындалатын тағамдар да көп қолданылады. Осыған байланысты ұлттық тағамдарды ет, сүт және ұн өнімдеріне бөлуге болады.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Қазақтың ұлттық ас мәзірінде еттен, сүттен және ұннан дайындалатын қандай тағамдарды білесің? Оларды ата. Саған олардың қайсысы көбірек ұнайды?

XV ғасырда қазақ жерінде егін шаруашылығы дами бастады, сол себепті көшпелі елдің ас мәзіріне ет пен сүт өнімдерінен басқа бидай, қара бидай, арпа, сұлыдан жасалған ұн өнімдері де қосылды. Дәмді ұн өнімдерінің бірі – жент. Жент әзірлеу қиын емес, бірақ біраз еңбектенуді қажет етеді.

### Тағамдарды түрлеріне қарай топтастыр.

Төмендегі тағамдардың қайсысы ұн, ет, сүт тағамдарына жатады? Зерттеу альбомына жаз.

**Ет,** шөлпек, шұбат, қуырдақ, қазы, **құрт**, ірімшік, бауырсақ, таба нан, қаттама нан, жент, **қымыз**, сорпа, шалап, айран, қатық.



## Зертте.

Қазіргі кездегі жент дайындау тәсілі:

- 100 гр үгілмелі печеньеге татымына қарай қант қосып, ұнтақтайды;
- оған бидай, тары, жүгері және т.б. жармалар (0,5 кг) мен татымына қарай мейіз қосады;
- бір қорап ерітілген майға бал немесе қант қосады;
- дайындалған сұйық қоспаны үйіндіге құйып, біржелкі болғанша араластырады;
- белгілі бір пішінге келтіріп, тоназытқышқа қояды.



Айранның көшпелі халық тұрмысында кеңінен қолданылғанын білесің бе? Себебі оны ұзақ жолға шыққанда әрі сусын, әрі тағам ретінде пайдаланған. Қазір де айранды дүкеннен сатып алуға, сондай-ақ үйде де дайындауға болады. Пісіріп, суытылған 1 литр сүтке 100 г ұйытқы қосып, шыны (керамика немесе фарфор) ыдысқа құяды. Толық ұйығанша үстін жауып, 10 сағаттай жылы жерге қояды.



## Оқы, қызық!

- Көшпелі тұрмыс салты тағамды дәмді әрі тойымды етіп дайындап, ұзақ мерзімге сақтауды талап етті. Осылайша қойдың, жылқының әртүрлі мүшелерінен тұздап сүрленген, қақталған, қайнатып пісірілген тағам түрлері пайда болды.
- Дәл осылайша, көшпелі тұрмыста алып жүруге және сақтауға ыңғайлы болатын сүт өнімдерін дайындау кеңінен таралған.
- Қымызды торсыққа ашытып, сақтаған (ат үстінде алып жүргенде әбден шайқалып бабына келеді).
- Сүтке аздап іріткі қосып, суы тартылғанша қайнатып, кептіріп, ірімшік жасаған.
- Сыыр, түйе және қой сүтінен құрт жасаған.



### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Женттің дәмі қандай болды? Айранның қоюлығы қандай болды? Келер жолы бұл тағамдарға қандай өзгеріс енгізе аласың?

## Орындап көр.

Сабақта меңгерген біліміңді пайдаланып, тәжірибе жұмысын жаса. Жент жасап, айран ұйытып көр. Үлкендердің рұқсатымен қажетті заттарды дайындап, жұмысқа кіріс.

## Наурызкөже – наурыз мерекесінің басты тағамы

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- наурызкөже мен бауырсақты қалай пісіретінін білесің;
- оларды әзірлеуді үйренесің;
- қазақтың ұлттық тағамын әзірлейсің.

### Тірек сөздер:

дастарқан, наурызкөже, бауырсақ, сумалак.

### Суреттерде қай мереке көрінісі бейнеленген?

Неге бұл мейрам 22 наурызда тойланады? Оның қандай ерекшелігі бар? Елімізде бұл мейрам қалай тойланады? Бұл мерекеде қандай тағамдар әзірленеді?



Наурыз мейрамы – ежелгі замандардан қалыптасқан көктем мерекесі, табиғаттың жаңаруымен және жаңғыруымен байланысты тойланатын жыл басы мейрамы. Бұл – жаңарған табиғатпен бірге өміріміз, жан дүниеміз жаңғыратын күн, ой-ниетіміз бен жан-жағымыз тазаратын күн. Бұл күні адамдар бір-біріне игі тілектер айтады, арнайы даярланған **дастарқаннан** дәм ауыз тиюге, наурызкөже ішуге шақырады.

### Сен білесің бе?

**Наурызкөже** – наурыз мерекесінің ең басты тағамы. Ол жеті түрлі тағамнан, атап айтқанда, су, ет, тұз, ұн, май, дәнді дақылдардан (күріш, бидай, жүгері және т.б.) және сүт өнімдерінен әзірленеді.

Наурызкөженің жеті түрлі өнімнен әзірленуі кездейсоқтық емес: жеті саны жаңа өмірдің басы шаңыраққа бақ-дәулет, ырыс-несібе, құт-береке дарытсын, өсіп-өнуге, көбейіп-молаюға жағдай жасасын деген ақ ниетті білдіреді. Қазақстанның жергілікті ерекшеліктеріне байланысты наурызкөже құрамындағы кейбір өнімдер өзгеруі мүмкін.

### Оқы, қызық!

**Сумалак** – парсы, түркі халықтарының наурыз мерекесіне жайылатын кең дастарқаннан өз орнын алған тағам. Сумалақтың көп ғасырлық тарихы бар. Наурыз мерекесінде әзірленетін, күш-қуатты қалпына келтіріп, сергітетін пайдалы әрі дәмді тағам. Оны онген бидайдан дайындайды.



### Назар аудар.

Наурызкөже неден жасалады және қалай әзірленеді? Наурызкөже мынадай тәсілмен әзірленеді:

1. Тұздалған немесе сүрленген етті пісіріп, салқындатады.
2. Дайын сорпаға бидай, жүгері, күріш, тары, арпа жармаларын салады, татымына қарай тұз қосып қайнатады.
3. Дақылдар қосылған сорпаны суытады.
4. Етті ұсақтап турап, сорпаға қосады.
5. Дайын көжеге айран құйып, жақсылап араластырады.
6. Көже жылы күйінде кесеге құйылып беріледі.
7. Наурызкөжемен бірге дастарқанға бауырсақ қойылады.

**Бауырсақ** – дастарқанның сәні, сондықтан оны баянша дәмділеп пісіреді. Бауырсақ пісіру үшін: ұн (500 г), сүт (300 мл), сары май (20 г), ашытқы (20 г), қант (1 ас қ.), тұз (1 ш.қ.), су (50 мл), жұмыртқа (1 дана), өсімдік майы қажет.

### Анықта.

Бауырсақ қалай дайындалады?

- ыстық суға қант пен тұз ерітіледі;
- жылы сүтке ашытқы салынады, отан жұмыртқа және ерітілген қант пен тұз қосылады;
- дайын қоспаға ұн мен ерітілген сары май қосылып, 10 минуттай иленеді. Қамыр ашып, көтерілу үшін 1,5 сағатқа бетін жауып қою қажет.
- Қамырды шаршылап жайып немесе жуан етіп бұрап, домалақтап турау керек.
- Бауырсақты ыстық майда қызарғанша пісіру керек.

### Орындап көр.

Сен наурызкөже мен бауырсақтың қалай дайындалатынын білесің. Енді өз жақындарыңды қуантуыңа болады. Осы тағамдарды орындап көр. Егер өзіңе сенімді болмасаң, үлкендерден көмек сұра. Дастарқан жайып, тағамды әдемі ыдыспен ұсын.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

Сен қазақтың ұлттық тағамдарынан тағы нені дайындай аласың?



### Қауіпсіздік ережелері

1. Электр аспабын тоқ көзіне қоспас бұрын баусымының дұрыстығын тексер.
2. Құралды тоқ көзіне тек құрғақ қолмен ұстап, қосып-ажырату қажет.
3. Қайнататын суды ыдыстың ернеуіне жеткізбей құй.
4. Су қайнап тұрған ыдыстың қақпағын өзіңнен әрі қарай аш.
5. Азық-түлікті қайнап тұрған суға абайлап, шашыратып алмай салу керек.
6. Қуыру кезінде сақ бол. Ыстық табаға немесе қызып тұрған майға су тамызба.
7. Жұмыс барысында тұтқышты қолдан.

## Әлем халықтарының тағамдары

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- ұлттық дәстүрлі тағамның пайда болуына қоршаған ортаның ықпалы туралы білесің;
- әлем халықтарының кейбір ұлттық тағамдарын әзірлеп үйренесің.

### Тірек сөздер:

ұлттық тағам, суши, лаваш, кебаб, хачапури.

### Оқы, қызық!

Саған таныс **лаваш** – ашытылмаған қамырдан дайындалатын жұқа етіп жайылып, пісіретін ақ нан. Ол Кавказ асханасындағы дәстүрлі нан өнімі болып табылады, сонымен қатар Орталық Азия халықтары арасында да кеңінен таралған. Ингредиенттері қолжетімді және әзірлеу тәсілі де оңай болғандықтан, лавашты қазіргі уақытта көптеген елдердің асханасынан кездестіруге болады.

### Саған бұл тағамдар таныс па?

Мүмкін сен олардың қалай аталатынын білерсің? Бұлар қай халықтардың дәстүрлі тағамдары болып табылады? Не себепті әр халықтың ұлттық тағамдары өзіндік ерекшеліктерге ие?



Жер бетінде өмір сүретін әрбір халықтың өз тарихы, дәстүрі, сонымен қатар ұлттық тағамының ерекшелігі болады. **Ұлттық тағам** – әрбір ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі ас мәдениетінің бір түрі болып саналады.

### Ойлан.

Төменде аталған елдерде неге дәл осы тағамдар мен сусындар кеңінен таралған? Оған не әсер етуі мүмкін? Сен қалай ойлайсың?

- Жапондықтар үшін күріш – қасиетті тағам, сондықтан оған деген көзқарасы ерекше. Жапондардың әлемге танымал ұлттық тағамдарының бірі – суши (әртүрлі теңіз өнімдері мен дәмдеуіштер қосып, күріштен әзірленген тағам).
- **Шай** – үнділердің сүйікті сусыны, әлемде оның көптеген сұрыптары кездеседі. Үндістан – алуан түрлі дәмдеуіштердің отаны. Олардың ішінде ең кеңінен таралған тұздық – карри деп аталады.
- **Кебаб** – Түркияның ұлттық тағамы. Оны қой мен сиыр етінен отқа қақтап пісіреді. Бүкіл әлемде ол хауап деген атпен танымал.
- Түрік асханасындағы ең танымал тәттілер – жанғақ пен қант шырыны қосылған **пахлава**, жұқа шөлпек.

## Назар аудар.

Лаваштан рулетті қалай дайындауға болады?

Рулет дайындау алдында үш дана лаваш пен үш түрлі салма дайындау қажет:

1. Ұсақталған сарымсақ (кішкене 1 бөлік) пен үгілген 150 г қатты ірімшікті 65 г қаймақпен араластыр.
2. 200 г үгілген сәбізді 65 г қаймақпен араластыр.
3. Ұсақтап туралған жұмыртқаны тұздап, 65 г қаймақпен араластыр.

### Содан соң:

- үстел үстіне лаваштың біреуін жай, оған бірінші қоспаны біркелкі етіп жақ;
- үстінен екінші лавашты жайып, екінші қоспаны біркелкі етіп жақ;
- әрі қарай үшінші лавашты жайып, үшінші қоспаны жағу керек;
- суретте көрсетілгендей, қабатталған лавашты шетінен бастап, ұқыптап ора;
- рулет етіп турап, ыдысқа сал. Безендіруге қолда бар ингредиенттерді пайдалан.



## Сен білесің бе?

Кавказ халқының тағамы **хачапуриді** мынадай тәсілмен әзірлейді:

1. Екі стақан ұнға тұз ( $\frac{1}{2}$  ш.қ.), қант ( $\frac{1}{2}$  ш.қ.), ас содасы ( $\frac{1}{2}$  ш.қ.) және татті емес йогурт ( $\frac{3}{4}$  стақан) араластырылып, жұмсақ қамыр иленеді.

2. Үгілген сулуғуни (200 г) ірімшігі, сүзбе ірімшік (брынза) (150 г) сүзбемен (100 г) араластырылады. Татымына қарай тұз бен бұрыш қосылады. Олардан 4 дөңгелек жасалады.

3. Қамыр шұжық пішініне келтіріп, бірдей 8 бөлікке бөлінеді. Әр бөлігі жұқа қамыр етіп жайылады.

4. Әр жұқа қамырға ірімшікті салып, екінші жұқа нанмен жабады, үстінен оқтаумен жаяды.

5. Таба орташа отта қыздырылады. Жұқа қамырдың екі беті өсімдік майына бірнеше минут қуырылады.



## Орындап көр.

Үлкендердің көмегімен немесе өз бетіңше лаваштан рулет жаса, болмаса хачапури әзірлеп көр. Дайын тағамды туыстарыңа ұсын.

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Саған тағам әзірлеу ісі несімен ұнайды? Дайындау барысында қандай сезімде болдың?

## Әлем халықтарының дәстүрлі тәтті тағамдары

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- десерттің не екенін білесің;
- кейбір тәтті тағамдарды әзірлеп үйренесің.

### Тірек сөздер:

рахат-лукум, чурчхела, чизкейк.

### Сен білесің бе?

Тазартылған көмірсулары көп тағамдарды жегенде ағзада май пайда болады. Қант асқазан сөлінің бөлінуін тежейді, сондықтан бұл топтағы тағамдар негізгі ас болып саналмайды, тек десертке ұсынылады. Әдетте олар десертке арналған тәрелкемен беріледі. Оны десерт қасығымен (шай қасықтан үлкенірек, ас қасықтан кішірек) жейді. Десерт қойылған дастарқанға, сонымен қатар десерт пышақ пен десерт шанышқы да беріледі.



70

Көркем оңбек

### Суреттерге мұқият қара.

Суретте қандай тағамдар бейнеленген? Бұлар қай елдің дәстүрлі тағамдары болып табылады? Сен тағы да қандай тәтті тағамдарды білесің? Басқа тағамдардан тәтті тағамдардың айырмашылығы неде?



чурчхела



чизкейк



рахат-лукум



бұқтырылған алма

Ас мәзірі мұқият ойластырылған ең дәмді түскі астың өзі тәтті тағамдарсыз толыққанды ас болмас еді. Тәтті тағам немесе **десерт** – дастарқанға тамақтан кейін қойылатын тағам. Тәтті жеңік астар (бірақ бұл жеміс-жидек емес) түскі немесе кешкі астан кейін беріледі.

### Назар аудар.

Десерттің қандай түрлері бар? Десерт ретінде нені ұсынуға болады?

#### Тәтті тағамдарды негізгі екі топқа бөледі:

- салқын тәтті тағамдар (тағамды ұсынғанда жылылығы 12-15°С болуы тиіс);
- ыстық тәтті тағамдар (тағамды ұсынғанда жылылығы 70-75°С болуы тиіс).

#### Салқын тәтті тағамдар:

- мұздатылған және жас жеміс-жидектер;
- компот;
- кисель;
- желе;
- мусс;
- саибух;
- крем;
- қаймақ және желегей;
- балмұздақ.

#### Ыстық тәтті тағамдар:

- суфле;
- пудинг;
- салнасы бар татамдар;
- ұнаннан дайындалған тағамдар және т.б.

### Анықта.

Ыстық шоколад қалай дайындалады?

200 г қара шоколадты сындыр. Сүт құйылған (50 мл) ыдысты ыстық суға салып, 50°С-қа жеткенше жылытып, үстіне шоколад сал. Шоколадты ерігенше үздіксіз араластыру қажет. Шыныяқтарға құйып, бір стақан суық сумен беріледі.



### Үйрен.

Мына заттарды пайдалана отырып, «Картоп» тоқашын былайша әзірлеуге болады: печенье – 500 г; қойытылған сүт – 1 құты; сары май – 150 г, какао – 2-3 ас қасық.

		
Печеньеңі үгіт.	Сары майды ерітіп, қойытылған сүтпен араластыр.	Майлы қоспаға какао қосып, араластыр.
		
Дайындалған қоспаға үгілген печеньеңі қосып, араластыр.	Дөңгелек немесе сопақша пішінде кішкене дөңгелектер жаса.	Тәтті тоқашты ыдысқа салып, жаңғақ немесе креммен әшекейле.

### Қандай ережелерді сақтау қажет?

1. Қолды тазалап жуу керек, қажет болса, қолғап киюге болады.
2. Шашты орамал астына жинап, алжапқыш кию керек.
3. Ыдыстың барлығы таза болуы тиіс.
4. Азық-түліктердің мерзімі өтпеуі тиіс.
5. Пышақты, ыстық суды және сүтті пайдаланғанда ұқыпты бол.
6. Газ плитасымен жұмыс істеу ережесін сақта.

### Орындап көр.

Тәтті тағам дайында. Тәтті нан және ыстық шоколад әзірле. Әдемі ыдысқа сал да, дастарқанға қойып, туыстарыңа ұсын.

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Сен тағы қандай тәтті тағам түрлерін дайындай аласың?

4-тарау. Таяқтану мәдениеті және ұй мәдениеті

71

## Ұннан дайындалатын ұлттық тағамдар

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- ұннан әзірленетін кейбір тағамдардың дайындау ерекшелігімен таныссың;
- ұн өнімдерін әзірлеуді үйренесің.

### Тірек сөздер:

ұлттық ұн тағамдары, пицца, багет, құймақ.

### Суреттерге мұқият қара.

Бұлар қай ұлттардың тағам түрлеріне жатады? Олардың қалай пісірілетінін білесің бе?



багет



пицца



құймақ

**Пицца** – бетіне томат, ерітілген ірімшік жағылатын, шелпек тәріздес итальяндық ұлттық тағам. Пиццаның басты ингредиенті – ірімшік (әдетте моцарелла қосылады). Дайындау тәсілінің жеңіл болуы мен ингредиенттерінің қолжетімділігі арқасында пицца бүкіл әлемге танымал болды.

### Оқы, қызық!

Классикалық итальян пиццасы арнайы пеште өте жоғары температурада бірнеше минутта пісіріледі. Қамыры жұмсақ, салмасы нәрлі болады.

### Үйрен.

Пицца қалай әзірленеді?

Пицца пісіру үшін мына заттарды дайындау қажет (диаметрі 30 см 2 пиццаға):

300 мл айран, 1 дана жұмыртқа, 2 дана қызанақ, 50 г сары май, 200 г қатты ірімшік, қант, тұз, бұрыш, 400 г ұн.



### Әзірлеуге кіріс:

- тұзды, жұмыртқа мен қантты сұйық болғанша жақсылап араластыр;
- дайын болған сұйықтыққа май қосып, араластыр;
- дайындалған қоспаға айран қос. Сонан соң үстіне ұн қосып, жұмсақ қамыр иле және оны 5 минутқа қой;
- қамырды жайып, қалыпқа сал. Жіңішке етіп туралған қызанақты қамыр бетіне жайып, үстіне үгітілген ірімшікті сеп.

Пиццаны ертеуі биік табаға салып, духовкада немесе плитада 200°C температурада 10 минуттай пісіреді.

### Анықта.

500 мл сүт, 2 жұмыртқа, 200 г ұн, 2 ас қ. осімдік майы, 1 ас қасық қант, тұзды қолдана отырып, құймақты қалай дайындауға болады?

1. Болме температурасында жылуы үшін сүт пен жұмыртқаны алдын ала тоңазытқыштан шығарып қой.
2. Жұмыртқаны табаққа салып, қант пен тұз қосып, араластыр.
3. Оған сүт қосып, тағы да жақсылап араластыр.
4. Тостаққа елекпен ұнды елеп сал. Ұнның құрамы түйіршіктерден тазарып, борпылдақ болады. Араластырғышпен үздіксіз араластыра отырып, ұнды қос. Дайын құрамның түрі сұйық қаймаққа ұқсас болуы тиіс.
5. Үстіне осімдік майын қосып, араластыр.
6. Отқа қыздырылған табаны қиғаш ұстай тұрып, оған қамырдың 2/3 бөлігін тез құйып, біркелкі жайылғанша әрі-бері қозға.
7. Бір бетін 2-3 минут пісіріп, сонан соң қалақшамен құймақтың екінші бетін аудар.
8. Құймақ пісіргенде оттың жалыны орташа болсын.

### Орындап көр.

Өз біліміңді іс жүзінде қолдан. Пицца немесе құймақ әзірлеп көр. Пицца әзірлеуге үйде бар азық-түлікті қолдануыңа болады. Құймақты маймен, қаймақпен немесе тосаппен ұсынады. Қаласаң, үлкендерден көмек сұрауыңа болады. Тағамды міндетті түрде әдемі ыдысқа салып ұсын.

### Қауіпсіздік ережелері

1. Жұмыс барысында тұтқышты қолдану.
2. Кескіш, өткір құралдармен жұмыс істегенде абай бол.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Өзің әзірлеген тағамның қайсысы жақсы шықты?
2. Сенде тағам әзірлеуге қатысты қандай идеялар пайда болды?

## Тұрмыстық техника әлемі

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- тұрмыстық техника түрлері мен типтері туралы білесің;
- қуат үнемділігі бойынша техника таңдап үйренесің.

### Тірек сөздер:

тұрмыстық техника, энергиялық тиімділік, ақылды тұрмыстық техника.

### Суреттерге қара.

Мұнда қандай аспаптар бейнеленген? Олар қандай қызмет атқарады? Бұл аспаптарға не ортақ?

**Тұрмыстық техника** – үй жұмысын жеңілдетуге арналған аспаптар мен құрылғылар. Олар тұрмыста қолайлы жағдай жасап, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Тұрмыстық техникалар негізінен электр аспаптарынан құралады. Тұрмыстық техникалар:



көпшіліктегі арналған электр кептіргіш

Бір орыннан екінші орынға ауыстыру тәсілі бойынша	тұрақты, жылжымалы
Интерьерде орналасуы бойынша	белгілі бір жерге орнатылған немесе дербес тұратын
Қолемі бойынша	үлкен, орташа, шағын
Басқару тәсілі бойынша	қолмен басқарылатын, электрлі, автоматты, жартылай автоматты



мультиварка

### Үйрен.

Кім үтіктеуге арналған техника қалай өзгерді? Сенің ойыңша, оның дамуына не әсер етті? Бұл құралдармен жұмыс істегенде қауіпсіздікті қалай сақтау қажет?



көпшілік тұрағыш



ыдыс жуғыш



**Мультиварка** – арнайы бағдарламамен басқарылатын көп функциялы тұрмыстық электр бұйымы. Ол тағамды автоматты немесе жартылай автоматты режимде пісіруге арналған. Мультиварка тағамды қайнатуға, қуыруға, пісіруге, бұқтыруға, буға пісіруге және фритюрде (шыжып тұрған майда) қуыруға, дайын тағамды жылытуға, тағамды ыстық күйінде ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік береді, сонымен бірге ұдайы бақылауды қажет етпейді. Мультиварка тез пісіретін, булайтын аэрогриль, электр пештердің қызметін бір өзі атқарады.

### Анықта.

Тұрмыстық техниканы қызмет көрсету тиімділігі, көлемі, бағасы, дизайны, кепіл уақыты және т.б. сипаттамалар бойынша таңдайды. Тұрмыстық техниканың маңызды сипатының бірі – оның энергияны үнемді қолданатындығы. Ол энергияны үнемдеуге, электр қуатына жұмсалатын шығынды азайтуға мүмкіндік береді. Қуат үнемділігінің 7 санаты: А, В, С, D, E, F, G белгіленген. Тұрмыстық техниканы қандай сипаттамалары бойынша таңдау керектігін анықта.

<b>A</b>	Электр қуатының үнемділігі 50–80% -дан жоғары
<b>B</b>	Электр қуатының үнемділігі 25–50% -дан жоғары
<b>C</b>	Электр қуатының үнемділігі 10–25% -дан жоғары
<b>D</b>	Электр қуатының үнемділігі 0–10% -дан жоғары
<b>E</b>	Электр қуатының үнемділігі 0–10% -дан төмен
<b>F</b>	Электр қуатының үнемділігі 10–25% -дан төмен
<b>G</b>	Электр қуатының үнемділігі 25% -дан төмен

### Оқы, қызық!

Тұрмыстық техниканың дамуы жалпы техниканың дамуымен тығыз байланысты. Тұрмыстық техника дамыған сайын «ақылды» бола бастайды. Компьютерлік бағдарлама орнатылған «ақылды» тұрмыстық техникалар бұйрықпен жұмыс істейді. Кейінгі жылдары үй құрылғыларын автоматтандыру жүйесі, «ақылды үй» терминдері пайда болды. Мұндай автоматтандырылған құрылғылар адамның қатысуынсыз-ақ жұмыс істей береді немесе оны қашықтан, мәселен интернет арқылы басқаруға мүмкіндік береді. Мысалы, жарық, жылу жүйесін өз бетінше қосылып, өзі ажырайтындай етіп орнатуға болады.

### Орындап көр.

Үйдегі тұрмыстық техника түрлерін маңыздылығына қарай рет-ретімен орналастыр. Неге бұлай көрсеттің? Түсіндір. Ол туралы дәптеріңе жаз.

### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Біздің өмірімізде тұрмыстық техника неге маңызды орынға ие?
2. Егер тұрмыстық техника адам өмірінен ғайып болса, не болар еді?



## Гүлдер - әшекей құралы

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- гүл шоғын құрастыру қағидасымен танысасың;
- бутоньер жасауды үйренесің.

### Тірек сөздер:

гүл шоғы, флористика, бутоньер.

### Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.

Суреттегі гүлдер қандай қызмет атқарады? Олар қандай мақсатта пайдаланылған? Гүл қандай көңіл күйге бөлейді?



**Флористика** – өсімдіктерден сән туындыларын жасау өнері. Бір-біріне үйлесімді таңдалған гүлдер гүл шоғын құрайды. Гүл түрлері мен олардың саны, түс үйлесімділігі, пішіні мен көлемі гүл шоғының қолданылуына байланысты болады.

### Анықта.

Қандай тәсілмен гүл шоғындаты үйлесімділікті жасауға болады?

Флористикада төмендегі жайттар ескеріледі:

- өзара жуық түстердің үйлесімі;
- бір-біріне қарама-қарсы түстердің үйлесімі;
- әртүрлі түстерді гүл шоғына боліп қою;
- бір түстің алуан реңктерінің үйлесімі.

### Сен білесің бе?

Гүл шоғы дөңгелек, шар тәрізді, каскадты, тамшы тәрізді, орақ тәрізді, еркін немесе ерекше пішінді болуы мүмкін. Гүл шоғындағы гүл саны оның мақсаты мен көлеміне байланысты болады. Гүл шоғындағы гүлдердің тақ саны салтанатты жағдайларға, жұп саны қайтылы жағдайға арналып жасалады.

## Суреттерге қара және гүл шоғының ерекшеліктерін анықта.

Гүл шоғының пішіні қандай? Ондағы түстердің түстік гаммасы қалай үйлескен? Бұл гүл шоқтары қандай мақсатта қолданылуы мүмкін?



Бір немесе бірнеше түсті өсімдіктерден жасалған кішкентай гүл шоғы **бутоньер** деп аталады. Оны үйлену тойында ерлер костюмін, сәнделген шашты, киімді, бас киімдерді әшекейлеу үшін пайдаланады.

### Үйрен.

Бутоньерді қалай жасауға болады?

- Сабағынан шамамен 1 см қалдырып, гүлді кесіп алу.
- Бутоньерден екі есе ұзын сым қиып алу.
- Оны гүл сабағы арқылы өткізу.
- Сым ұштарын иію және гүлді айналдыра бұрау.
- Сымды жасыл таспамен орау.
- Бутоньердің басқа бөліктерін осы тәсілмен дайындау.
- Бутоньер бөліктерін қосып, таспамен бекіту.



### Орындап көр.

Бутоньер жаса. Алдымен оны кімге және қандай мерекеге арнап жасайтыныңды ойластыр. Қажетті материалдарды, яғни табиғи немесе жасанды гүлдер мен жапырақтарды, бұтақты және сәндік элементті дайында. Олардың көлемі мен пішінін, түс үйлесімділігін ескер. Жеке бөліктерін сәндік элементтермен безендіре отырып, бутоньер пішінінде біріктірің. Бекіту нұсқаларын ұсын.

### Ойлан және сұраққа жауап бер.

Сенің ойыңша, бутоньер жасау қиын ба?

## Интерьердегі гүл композициясы

### Сен бұл тақырыпты меңгере отырып:

- интерьерді өсімдік композициясымен безендіру туралы білесің;
- композиция құрастыру қағидасымен таныса-сың;
- өсімдіктерден композиция құрастыруды үйренесің.

### Тірек сөздер:

икебана, флорариум, конструкция, өсімдіктерді қорғау.

### Суреттерге қара және сұрақтарға жауап бер.

Интерьерді безендіруге несіктен өсімдіктер қолданылады? Бұл композициялардың өсімдіктерден қандай айырмашылығы бар?



Интерьерде жасанды, кептірілген, жаңа қырқылған және бөлме өсімдіктерінен жасалған композиция маңызды сәндік рөл атқарады. Интерьерге керік қосатын алуан түрлі әдемі гүлдер тамаша композиция жасауға мүмкіндік береді.

### Сен білесің бе?

**Икебана** – дәстүрлі жапон өнеріндегі жас бұтақтар мен қиып алынған гүлдерді үйлестіріп, арнайы ыдысқа салып, құрастырылатын сәндік композиция. Оны құрастырудағы мақсат – табиғи әсемдікті ерекше талғаммен көрсету.



Өсімдіктердің табиғи әсемдігін аша түсетін бұйымдардың бірі – құмыралар мен контейнерлер. Мөлдір шыныдағы, **флорариумдағы** өсімдік композициясы интерьерді безендірудің өзгеше формасы болып табылады. Оның сыйымдылығы, тереңдігі мен биіктігі гүл шоғының композициясына әсер етеді. Композиция құрастыруда композиция ортасы, пропорция, ырғақ, симметрия және ассимметрия қағидалары ескерілуі тиіс.

### Оқы, қызық!

Пропорция композицияның көлеміне әсер етеді, ыдыс пен өсімдік өлшемінің, гүл мен жапырақтың өзара қатынасын анықтайды. Композиция құрастыру барысында пропорцияны сақтау үшін «кесіндіні тепе-тең етіп, екіге бөлу» формуласы қолданылады. Егер тік түскен гүлшоғының биіктігі 8 бөлікке бөлінетін болса, онда оның 5 бөлігі гүлге, ал 3 бөлігі гүлсауытқа бөлінуі тиіс.

### Үйрен.

Консерванттау жолымен глицеринде жаңа қырқылған өсімдіктерді ұзақ уақыт сақтауға болады. Глицерин – қою жабысқақ, мөлдір, майлы сұйықтық. Оны дәріханадан таба аласың. Глицеринде өсімдікті консерванттау технологиясы қалай жасалатынын үйрен. Ол үшін:

- глицериннің 1 бөлігін ыстық сумен мұқият араластырып, бөлме температурасына дейін суыт;
- сабағын қиғаш кесіп, жапырағы көп өсімдікті дайында;
- мөлдір таза ыдыстың түбіне ұсақ тастар, ұлу қабыршағы секілді сәндік заттарды салуға болады. Сонан соң өсімдікті орналастырып, орнын бекіт және ақырын глицерин ерітіндісін құй.

### Орындап көр.

Төменде көрсетілген қадамдарды басшылыққа ала отырып, өсімдіктерден композиция құрастыр:

- композицияның қандай интерьерге арналатынын ойластыр;
- композицияға арналған ыдыс пен өсімдікті таңда;
- безендіруге арналған сәндік заттарды дайында;
- композицияның ортасына не орналасатынын ойластыр;
- өсімдікті әртүрлі нұсқалармен құрастырып, ең жақсы нұсқасын таңда;
- композицияны сәндік элементтермен безендір;
- егер консервация дайын болса, композицияға ақырын глицерин құй.



### Мұқият қарап, анықта.

Осы сабақта берілген барлық суреттерге мұқият қарап шық. Композицияны зерттей отырып, оларда композиция құрастырудың қандай принципі қолданылғанына назар аудар. Қандай қағида басшылыққа алынғанын анықта.



### Ойлан және сұрақтарға жауап бер.

1. Гүлмен жұмыс істегенде қандай көңіл күйде болдың? Өсімдік композициясын құрастыру бойынша қандай идеялар пайда болды?
2. Өз пәтеріңнің ішін безендіру үшін қандай өсімдіктен жасалған композицияны таңдар едің? Неге?

## Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті. Қорытынды

Бұл тарау бойынша қорытынды жасайтын кез жетті.

«**Тағам пісіру**» бөлімінде қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерімен, наурызкөжемен және әлем халықтары тағамдарымен таныстың. Қазақ халқының, сонымен бірге әлемнің басқа халықтарының дәстүрлі тағамдарын әзірлеуді үйрендің.

«**Үй интерьері**» бөлімінде қазіргі тұрмыстық техникалардың алуан түрлерімен таныстың, олардың техникалық сипаттамасын ажырата білуді үйрендің. Гүлдерден әдемі композиция құрастыруға мүмкіндік беретін, гүлдердің интерьер мен киімді әшекейлеуге қалай қолданылатыны туралы білдің.

Бұл тарауда әртүрлі тағамдар әзірлеуге арналған азық-түліктер мен құрал-жабдықтарды таңдауға байланысты өз бетіңше шешім қабылдауды үйрендің. Сонымен бірге гүлдерден композиция құрастыра отырып, өз шығармашылық қабілетіңді дамыттың.


Жұмысты қорытындылай отырып, ойлан:

Сен бұл тарау материалдарынан қандай жаңа дүние үйрендің?

Жұмыстың қай түрі саған көбірек ұнады? Неге?

Меңгерген білімің мен дағдыларыңды қалай дамытуыңа болады?

Сен енді үлкендерге асүйде дәмді тағам әзірлеп, тұрмыстық техниканы дұрыс қолдануға көмектесесің, өз үйіңді алуан түрлі гүлдердің композициясымен безендіре аласың.



## Глоссарий

### 1-тарау. Визуалды өнер

Абстракционизм	заттарды нақты бейнелеуден бас тартып, геометриялық пішіндермен, сызықтармен және алуан түрлі түстермен бейнелеуді қыздейтін, XX ғасырда пайда болған өнер бағыты.
Бактериография	зертхана жағдайында бактериялармен салынған суреттер
Бөлшектеу	нысанды бөлшектеу
Жарнама	қандай да бір зат, тауар не оқиға жайында көпшілікке хабарланатын ақпарат түрі
Инсталляция	эртүрлі бұйымдар мен материалдардан құрастырылған көркем композиция
Комикс	ақшалар мен аңгімелердің картшынадағы бейнесі. Комиксте әдебиет пен бейнелеу өнері көрініс табады.
Композиция	жекелеген бұйымдардан, гүлдерден үйлесімді етіп құрастырылған көрініс.
Микроағзалар	көзге көрінбейтін, өте ұсақ тірі ағзалар
Микрофотосурет	ұсақ ағзалардың немесе нысандардың үлкейтілген фотосуреттері
Микросурет	табиғаттағы микроэлементтердің микроскоппен алынған суреттері
Модерн	сызықтардың мінсіздігімен, ықпалдылығымен және біртұтастығымен ерекшеленетін XIX ғасырдың соңғы он жылы мен XX ғасырдың басында көңінен таралған стиль
Оп-арт	оптикалық елеске негізделген өнер стилі
Поп-арт	бұқаралық мәдениетке негізделген өнер стилі
Перформанс	белгілі бір әрекет, көрініс түріндегі заманауи өнер формасы.
Тепе-теңдік	түсі, пішіні және заттардың саны жағынан өзара үйлесім тапқан кеңістік
Тұтастық	композициядағы барлық заттардың бір идеяға бағынуы

## 2-тарау. Сәндік-қолданбалы өнер

Батик	матаға қолмен өрнек салу тәсілі
Баспатаңба	таңбалау арқылы салынатын сурет
Көрме	қолшлік алдында ғылым, техника, мәдениет және өнер жетістіктері көрсетілетін мәдени шара
Гжель	орыс халқының ақшыл көк палитралы бейнелеу, безендіру өнері
Жостов өрнегі	орыс халқының темір табаққа гүл шоғы іспетті көркем өрнек салынатын ұлттық қолөнері
Кергіш	кескіндемеге арналған матаны керетін ағаш жиектеме
Кракле	ұсақ жарықшақ сызықтар салу, жаңа бетті әдейілеп ескірту әдісі
Көркем өрнек	бұйымның сыртқы көрінісін көркемдік құралдармен бояу және әсемдеу
Лессировка	кепкен қою түске өзгеше рең беру үшін бірінің үстіне бірі жағылатын жұқалтаң бояу
Мезен өрнегі	орыс халқының ұлттық қолөнері, ағаш бетін өрнектеуде ақ түстің үстіне қызы және қара бояуды қолданып, графикалық тұрғыда орындалатын көп қабатты көркем өрнек түрі
Резерв	мата бетіндегі бояулар ағып кетпеу үшін суреттің нобай сызығын жүргізуге арналған арнайы қоймалжың
Сәндік-қолданбалы өнер	шьярмашылықтың бірнеше салаларын қамтитын бейнелеу өнерінің бір саласы. Әдетте тұрмыста қолдануға арналған көркем бұйымдарды әшекейлеуде қолданылады.
Суық батик	суық резеретік құрамды қыздырмай қолданатын батиктің түрі
«Тамшы» тәсілі	жаңа боялған мата бетіне түз себіліп, еріген түз әсерінен мата беті ағартылатын тәсіл
Түйін батик немесе шибори	бүктелген жеріне күрделі сурет салу үшін матаны түйіндеп бояу техникасы
Чантинг	батикте балауызды жағуға арналған құрылғы
Штамп	матаға дайындалған шаблонды басу арқылы ізі қалатын сурет салудың бір тәсілі

## 3-тарау. Дизайн және технология

Аксессуар	сәнді киімді оңдеу және толықтыруға арналған қосымша бөлшек, сән образының негізгі элементі
Ақаулар	кез келген құрылымның бұзылуы, бөлшектерінің және тетіктерінің істен шығуы
Бикутерия	арзан материалдардан жасалған әшекей
Борлау	түйреуішпен бекітілген және материалға орналастырылған үлгіні бармен сызып шығу
Дефиле	сәнмінбеде әдемі, кербез және еркін жүріп, киім үлгілерін көрсету
Жинақ	заттардың белгілі бір белгілеріне (түсіне, қолданысына, материалдарына т.б.) қарай топтастырылған жиынтығы
Құрылым	кез келген заттың бөлшектерінің құрамы мен олардың өзара орналасуы
Макет	бұйымның бастапқы үлгісі
Модификация	киімді өзгерту, оны жаңаша түрлендіру
Модульді киім	киімнің бөлшектерін (модуль) өзгерту арқылы оның өзгертілген түрі. Модуль дайын бұйым немесе оның құрылымдық бөлшегінің бірі болуы мүмкін.
Монограмма	адамның аты мен тегінің бас әріптерінен тұратын белгі
Пішім	бұйым бөлшектерінің сызбасы
Рециклинг	тоқыма материалдарын әртүрлі мақсатта қайта қолдану, тасталған киімдерді, тігін бұйымдарын, киімдерді өндірісте қайта оңдеу
Сәндік тігін материалдары	жасалған бұйымдардың өлшемдерінің, түсінің, қалыңығы айырмашылығы ескерілетін, тігін бұйымдарын сәндеуде эстетикалық сапасын жақсарту үшін қолданылатын материалдар
Тоқыма емес материалдар	химиялық, былғары және тері кәсіпорындарының өнімдері
Тоқыма материалдары	талшықтар, жіптер және тоқыма жіптерден жасалған бұйымдар

Технологиялық реттілік	бұйымды дайындау барысында орындау ретіне сәйкес құралған технологиялық іс-әрекеттердің тізімі
Трансформация	бір нәрсенің екінші дүниеге айналуы, түрленуі
Фурнитура	киімді түймелеу, бекіту және сәндеу үшін қолданылатын көмекші құралдар
Фурашики	заттарды орау және тасымалдау үшін қолданылатын матаның төртбұрышты қиындысынан жасалған жапондық сәмке

#### 4-тарау. Үй мәдениеті және тамақтану мәдениеті

Айран	қазақ халқының дәстүрлі қышқыл сүт өлімі
«Ақылды» үй	адамның қатысуысыз жұмыс атқара алатын, сонымен қатар бір арыннан немесе интернет арқылы басқарылатын автоматтандырылған жүйе орнатылған тұрғын үй
Бутоньер	бір немесе бірнеше гүлдерден құралған кішкене гүл шоғы. Ерлер костюмнің, шашты сәндеуде, киімді, бас киімді безендіруде қолданылады.
Глицерин	қою, жабысқақ, мөлдір, майлы сұйықтық
Десерт	негізгі астан кейін берілетін тәтті тағамдар
Жент	қуырылған бидай дәнін ұнтақтап, оған май мен бал қосып даярланатын қазақтың дәстүрлі тәтті тағамы
Икебана	дәстүрлі жапон өнеріндегі гүлдер мен ағаш бұтақтарынан құрастырылып, арнайы ыдысқа салынатын композиция
Қуат тиімділігі	тұрмыстық техникалардың электр қуатын үнемдеу өлшемдері
Лаваш	сипылмаған жұқа қамырдан пісірілген нан
Мультиварка	тамақ дайындауға арналған автоматты немесе жартылай автоматты көпфункционалды тұрмыстық немесе кәсіби электр құралы
Наурызкөже	наурыз мерекесінің басты тағамы, жеті түрлі өнімнен (су, ет, тұз, ұн, май, сүт, әртүрлі жармалар) әзірленеді.
Өсімдіктерді бұзылудан қорғау	өсімдіктердің балын және тартымды түрін ұзақ мерзімге сақтап қалуға бағытталған әрекет

Пицца	жұқа нанның бетіне қызыл, ірімшік және әртүрлі сәлме салынатын итальян ұлттық тағамы
Сумалак	парсы және түркі халықтарының дәстүрлі наурыз тағамы, оны өнген бидайдан дайындайды.
Тұрмыстық техника	үй жұмысын жеңілдетуге, жағым жағдай жасауға қолданатын құрылғылар мен аспаптар
Ұлттық тағам	белгілі бір ұлттың дәстүрлі ұлттық тағамдары
Флорариум	интерьерді безендіруге арналған мөлдір ыдысқа салынып әсемделген өсімдіктер композициясы
Флористика	өсімдіктерден көркем шығармалар жасау өнері



## Құрметті жас дос!

Міне, биылғы оқу жылы да аяқталды.

Сен жыл бойы көп жұмыс атқардың: бейнелеу өнерінің әртүрлі бағыттарын зерттедің; өз шығармашылық идеяларыңды көрсете отырып, дизайн және бейнелеу өнерінде жұмыс істедің; түрлі технологияларды, материалдар мен аспаптарды меңгердің. Сен өз үйіңнің ішін қалауыңша безендіруді үйрендің. Кейбір тағамдарды дайындауды және гүл шоғынан әдемі композиция жасауды игердің.

Оқу жылы барысында орындаған, өзіңе ерекше ұнаған тақырыптарды таңдай отырып, не үйренгеніңді төмендегі кестеге жаз.

Тақырып	Жауап
Мен ... білдім.	
Мен ... үйрендім.	
Мен ... тәсілімен жасадым.	
Мен алғаш ... рет жасап көрдім.	
Маған алдағы уақытта ... қажет болуы мүмкін.	

Енді сен үйренген дағдыларыңды алдағы оқу жылында және күнделікті өмірде қолдана аласың. Алда сені жаңа белестер күтіп тұр.

*Өй-өрісіңді кеңейтіп, алған біліміңді қолдана біл!*



## Мазмұны

Алғы сөз .....	3
Визуалды өнер.....	5
Суретші қолындағы микроскоп.....	6
Фотосуретші қолындағы микроскоп.....	8
Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар .....	10
Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар .....	12
Поп-арт стиліндегі Қазақстан образы .....	14
Шығармашылығымды бастаймын .....	16
Шығармашылығымды бастаймын. Комикстер .....	18
Шығармашылығымды жалғастырамын .....	20
Барлығыңызды көрмеге шақырамын .....	22
Визуалды өнер. Қорытынды .....	24
Сәндік-қолданбалы өнер .....	25
Көркем өрнек салу өнері.....	26
Батик және оны жасау тәсілдері .....	28
Шығармашылық жұмыстың басы. Батикке нобай салу .....	30
Батик жасауға дайындық .....	32
Матаға көркем өрнек салу.....	34
Бұйымға көркем өрнек салу жұмысын аяқтау .....	36
Барлығыңызды көрмеге шақырамын .....	38
Сәндік-қолданбалы өнер. Қорытынды .....	40
Дизайн және технология .....	41
Киімді түрлендіру (трансформациялау) .....	42
Киімді трансформациялауға арналған идеялар .....	44
Сәндік тігін материалдары және фурнитура .....	46
Тоқыма материалдарынан жасалған аксессуарлар .....	48
Тігін бұйымдарын пішуге дайындау .....	50
Тігін бұйымдарын пішу.....	52
Тігін бұйымдары бөлшектерін өңдеу .....	54
Тігін бұйымдарын біріктіру және шалғалды жылумен өңдеу .....	56
Тігін бұйымдарын әшекейлеу .....	58
Жұмысты таныстыру рәсімі .....	60
Дизайн және технология. Қорытынды.....	62
Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті .....	63
Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері .....	64
Наурызкөже – наурыз мерекесінің басты тағамы .....	66
Әлем халықтарының тағамдары .....	68
Әлем халықтарының дәстүрлі тәтті тағамдары .....	70
Үннен дайындалатын ұлттық тағамдар .....	72
Тұрмыстық техника әлемі .....	74
Гүлдер – әшекей құралы.....	76
Интерьердегі гүл композициясы .....	78
Тамақтану мәдениеті және үй мәдениеті. Қорытынды .....	80
Глоссарий.....	81